



SARGAN

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады

• www.sarkan-gazeta.kz

• e-mail: Igiman01@mail.ru

• №46 (95151) 21 қараша 2025 ж.

Мемлекет басшысы сөз басында қонақжайлық танытып, Саммитті жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевке алғыс айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ильхам Әлиевке ілтипат білдіріп, Өзбайжанның аталған кеңеске толық мүше ретінде қосылуын тарихи шешім деп бағалады. Сондай-ақ Бакудің жаңа статуста аймақынтымақтастығын кеңейтуге айтарлықтай үлес қосатынына сенім артты.

Президент Орталық Азия мемлекеттері басшыларының Консультативтік кездесулері өз тиімділігін дәлелдегенін айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев өңірлік ықпалдастықтың экономикалық негізін күшейткен толайым табыстарға тоқталды.

Мемлекет басшысы перспективті салаларда серпінді жобаларды бірлесе іске қосуды ұсынды. Оның айтуынша, Қазақстан бидайды, майлы дақылдарды, ет-сүт өнімдерін терең өңдеу, мал және органикалық егін шаруашылықтарын дамыту арқылы бұл бағытта тиімді жұмыс атқаруға дайын. Сонымен қатар заманауи қоймалар, логистикалық орталықтар салу, ішкі нарыққа және экспортқа арналған дайын тағам өнімдерін өндіру бағыттарының келешегі зор.

Президенттің пікірінше, халықаралық аренадағы өзгерістер кезеңінде Орталық Азия елдерінің Еуразиядағы негізгі транзиттік торапқа айналуға бірегей мүмкіндігі бар. Мемлекет басшысы елдеріміз тек келісімді әрі үйлесімді әрекет еткенде ғана аймақтың әлеуеті толық ашылатынына сенімді.

Қасым-Жомарт Тоқаев жиынға қатысушылар назарын сирек кездесетін металдарды өндіру және өңдеу саласындағы ықпалдастық перспективасына аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллект технологиясын кеңінен қолдану нәтижесінде пайда болатын мүмкіндіктерге тоқталды. Президент елімізде ЖИ-ді жан-жақты енгізу шаралары, сондай-ақ өзбек әріптестермен бірге атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде ба-яндады.

– Жасанды интеллект саласындағы серіктестікті одан әрі дамыту үшін аталған технологияны қолданудың бірыңғай стандарттарын әзірлеу керек. Орталық Азия мемлекеттерінде жасанды интеллектіні жауапкершілікпен пайдалану туралы декларацияның жобасын дайындауды ұсынамын. Құжат бірлескен цифрлық жобалар аясында мәлімет алмасқан кезде ашықтықты, сенім мен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Осылайша, барлық қатысушының құқығы

Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия мемлекеттері басшыларының VII Консультативтік кездесуіне қатысты



қорғалатынына кепіл болады, – деді ол.

Президенттің айтуынша, өңір үшін су қауіпсіздігі мәселесі аса өзекті.

– Соңғы бес жылда елдеріміз су саясатына қатысты ұстанымдарын жаңғыртты. Су проблематикасының трансшекаралық сипатын ескере отырып, салалық стратегиямызды үйлестіру маңызды деп санаймын. Бұл бір жағынан су үнемдеудің анағұрлым сәтті тәжірибелерін кеңінен тарату үшін қажет. Алдағы уақытта халықаралық стандарттарға сәйкес Орталық Азияның суды пайдалану жөніндегі негіздемелік конвенциясын қабылдауды ойластыруға болады. Мұндай құжат саладағы бірыңғай жұмыс қағидаттарын бекітіп, ықтимал қарама-қайшылықтардың алдын алуға мүмкіндік береді. Келесі жылы сәуір айында Астанада Өңірлік экологиялық саммитімен қатар өтетін Халықаралық Аралды құтқару қорына мүше мемлекеттер басшыларының жиынында осы тақырыпқа оралып, ұсыныстарды талқылай аламыз. Сіздер аталған іс-шараларға белсенді қатысады деп сенемін, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайту өңір елдері үшін негізгі басымдық саналады. Мемлекет басшысы Өзбекстан Президентін Самарқанд қаласында ЮНЕСКО-ның Бас конференциясын табысты өткізуімен құттықтады.

Президент ортақ тарихи-мәдени мұраны сақтаудың, ұлттық қолөнерді насихаттау және тұрақты түрде бірлескен іс-шаралар ұйымдастырудың маңызына назар аударды. Кинематография саласында, сондай-ақ заманауи туристік кластерлер құру және жаңа технологияларды пайдалану арқылы Ұлы Жібек жолының мұрасын дәріптеуде біршама іс тындыруға болады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ташкенттегі Ислам өркениеті орталығынан алған әсерімен бөлісіп, Шавкат Мирзиёевтің аталған мекемені ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілетін ортақ алаңға айналдыру жөніндегі бастамасын қолдады.

Мемлекет басшысы әлемдегі геосаяси дүрбелең жағдайында өңірлік тұрақтылық пен қауіпсіздікті күшейтудің мәні зор екенін айтты. Бұл ретте Президент Тәжікстан мен Қырғызстан арасындағы мемлекеттік шекара туралы, сондай-ақ Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан шекараларының түйісу нүктесі туралы шарттарға қолдау білдіріп, бұл мәмілелерді маңызды қадам ретінде бағалады. Бұдан бөлек, жақында Тәжікстанның ХХІ ғасырдағы Достық жөніндегі шартқа қосылуын елеулі шешім деп атады.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, өңір әлі де терроризм мен діни экстремизм, есірткі тасымалы және трансұлттық қылмыс секілді сын-қатерлермен бетпе-

бет келіп отыр. Бұл қауіптерді бірлесіп қана еңсеруге болады. Осы бағыттағы жұмыс өңір елдерінің Қауіпсіздік кеңестері хатшылары деңгейінде жүргізілуге тиіс.

Сөз соңында Президент Консультативтік кездесу форматын одан әрі жетілдіру мәселесіне тоқталды.

– Ұлттық үйлестірушілер кеңесі бекітілгеннен бері бұл алаң тиімділігін көрсетті. Кеңестің рөлін күшейтетін уақыт келді деп ойлаймын. Ол уағдаластықтардың орындалуын бақылаумен шектелмей, өңірді дамытудың стратегиялық векторларын әзірлеумен айналысуы керек. Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевтің осы форматтың институционалдық негізін күшейтуге қатысты ұсынысын қуаттаймын. Бұл мәселелерді жұмыс тәртібінде талқылап, тиісті бастамаларды бекітуге болады деп ойлаймын. Орталық Азия сараптамалық форумын өңірлік ықпалдастық жүйесіне қосуды ұсынамын. Соның нәтижесінде форум зерттеу жүргізетін және бірыңғай тәсілдер қалыптастыратын негізгі платформаға айнала алады, – деді Мемлекет басшысы.

Саммитте Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров және Өзбайжан Президенті Ильхам Әлиев сөз сөйледі. Сонымен қатар БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриш бейнеүндеу жолдады.

Орталық Азия мемлекеттері басшыларының VII Консультативтік кездесуінің қорытындысы бойынша президенттер мынадай құжаттарға қол қойды:

1. Орталық Азия мемлекеттері басшыларының VII Консультативтік кездесуінің қорытындысы бойынша бірлескен мәлімдемесі;

2. Орталық Азия мемлекеттері басшыларының 2027-2028 жылдар аралығында БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшелігіне Қырғыз Республикасының кандидатурасын ұсыну бойынша БҰҰ-ға мүше елдерге үндеуі;

3. Өзбайжанды Орталық Азия мемлекеттері басшыларының VII Консультативтік кездесуінің толық құқылы қатысушысы деп тану туралы шешім.

Орталық Азия мемлекеттері басшыларының бірлескен мәлімдемесіне сәйкес мынадай құжаттар қабылданды:

1. Орталық Азиядағы өңірлік қауіпсіздік, тұрақтылық және орнықты даму тұжырымдамасы;

2. Орталық Азиядағы қауіпсіздік тәуекелдері мен олардың алдын алудың 2026-2028 жылдарға арналған тізбесі.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Алар Карис Қазақстан-Эстония бизнес форумында сөз сөйлегі

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Эстонияның іскерлік топ өкілдері қатысып жатқан бизнес-форум сауда және инвестиция саласындағы екіжақты ықпалдастықты жандандыруға септігін тигізетініне сенім білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев көлік-логистика, цифрландыру, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, қаржы және білім беру салаларындағы өзара тиімді серіктестіктің перспективті бағыттарына тоқталды. Сондай-ақ елімізде эстониялық бизнестің кеңеюіне жан-жақты қолдау білдіруге дайын екенін растады.

Жиында Эстония Президенті Алар Карис те сөз сөйледі.

Бизнес-форум аясында екі ел компаниялары жалпы құны 517 миллион доллардан асатын 11 коммерциялық құжатқа қол қойды.



Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев Ауыл шаруашылығы қызметкерлері күніне орай осы саланың бірқатар мамандарына мемлекеттік марапаттар тапсырды. Атап айтқанда, осы күні механик, трактор жүргізушісі, малшы, шаруа қожалықтарының жұмысшылары сияқты 7 еңбек адамы құрметке ие болды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жиынға келген мамандарды кәсіби мерекелерімен құттықтаған Бейбіт Исабаев өз сөзінде аграрлық салаға көрсетіліп отырған қолдауларға, Президенттің қатысуымен өткен Агрофорумда айтылған мақсат-міндеттерге қысқаша тоқталды.

Осы жиында ІІІ дәрежелі «Еңбек даңқы» ордені Кербұлақ ауданынан «Нұрқадам» шаруа қожалығының трактор жүргізушісі Жалғас Бегімбетовке, Ақсу ауданынан «Құндақбаев» шаруа қожалығының малшысы Талғат Құндақбаевқа, «Құрмет» ордені сарқандық «СЗЦ Алмалы» ЖШС шаруа қожалығының жұмысшысы Ерлан Блескелдинов пен «Душкин СН» шаруа қожалығының басшысы Сергей Душкинге, «Ерен еңбегі үшін» медалі Көксу ауданынан «Мырзахан» ШҚ жұмысшысы Асқар Өмірбековке, Ескелді ауданынан еңбек ардагері, зейнеткер Өмірсерік Мырзахметовке, Қаратал ауданынан «Опытное» АШӨК-нің механигі Родион Лиге берілді.

Марапатталушылар атынан сөз алған «Мырзахан» ШҚ жұмысшысы

Бейбіт Исабаев жетісулық ауыл шаруашылығы қызметкерлеріне мемлекеттік наградалар тапсырды



Асқар Өмірбеков осы салада 25 жылдан бері еңбек етіп келе жатқанын тілге тиек етті. Оның айтуынша, шаруашылық малшылықпен және егіншілікпен айналысады. Жұмысшылардың жалақысы, тұрмыс жағдайы жақсы екенін айтқан А. Өмірбеков өзіне көрсетілген құрмет үшін ризашылығын білдірді.

Ал «Душкин СН» шаруа қожалығының басшысы Сергей Душкин — егін шаруашылығында елеулі жетістікке жеткен фермерлердің бірі. Оның айтуынша, алдағы уақытта шаруашылыққа тамшылатып суару технологиясын енгізу жоспары бар.

- Бізге, яғни ауыл шаруашылығы

қызметкерлеріне мемлекет тарапынан субсидия, жеңілдетілген бағада жанар-жағармай, басқа да қолдау шаралары тұрақты көрсетіледі. Ол шаруашылықтарға үлкен мүмкіндіктер беріп отыр. Біз жастардың ауылдан кетпеуіне жағдай жасап, оларға жұмыс беріп, барынша қолдауға тырысып келеміз. Алдағы уақытта да ауылдық жерлерді дамытуға үлес қоса береміз, - деді ол.

«Опытное» АШӨК-нің механигі Родион Ли 45 жылдан бері ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істеп келеді. Бұған дейін ауыл шаруашылығы саласын дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін Көксу қант зауытының директоры Алтынбек Абатов биыл елімізде тұңғыш рет беріліп отырған «Қазақстанның аграрлық саласының еңбек сіңірген қайраткері» атағын, Алакөл ауданынан табыншы Жасқайрат Қамизанов ІІІ дәрежелі «Еңбек даңқы» орденін Президенттің қолынан алған болатын.

Атап өтсек, жыл басынан бері облыста 74,2 млрд теңгенің азық-түлік өнімі өндірілген. Ал ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 403,6 млрд теңгені құрап отыр.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Өндірілген өнімді өңдеу көлемі ұлғайды



Жетісу облысында ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу саласында 123 кәсіпорын жұмыс істейді. 2025 жылдың басынан бері 74,2 млрд теңгенің азық-түлік өнімі өндірілді. Жалпы, өңірде өндірілген өнімді қайта өңдеу көлемі 68%-ға жетті, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметіне қарағанда, биыл ауыл шаруашылығы дақылдарының жалпы егіс алқабы 500,0 мың гектар болған. Бұл ретте қант қызылшасын дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Облыс құрылғаннан бері төтті түбірдің егіс алқабы 2022 жылғы 4,2 мың гектардан биыл 12,2 мың гектарға дейін үш есеге жуық ұлғайған.

Қазіргі кезде өңірде қант қызылшасынан басқа дақылдарды жинау толық аяқталды. 284,9 мың гектар дөңді дақылдың 771,9 мың тоннасы бастырылды. 106,5 мың гектар майлы дақылдан 233,7 мың тонна өнім алынды. Егілген 15,2 мың гектар картоп пен көкөніс-бақша дақылдарынан 404,8 мың тонна өнім жиналды. Бүгінде қант қызылшасының 11,4 мың гектары, яғни 93,9%-ы жиналып, 452,2 мың тонна өнім алынған.

Ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметіне сүйенсек, жыл басынан бері агроөнеркәсіптік кешенге (АӨК) 20 млрд теңгеден астам инвестиция тартылды, оның ішінде азық-түлік өнімдерін өндіру саласы да бар. Жалпы алғанда, 2025–2027 жылдарға арналған Инвестициялық жобалар картасы аясында өңірдің АӨК саласында жалпы құны 94,4 млрд теңге болатын 23 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарлануда. Оның ішінде биыл ылғал үнемдеу технологиясы бойынша 6 жоба жүзеге асырылуда:

Атап өтсек, Жетісу облысы құрылғаннан бері атқарылған жұмыстардың нәтижесінде пайдаланылмай жатқан 1,3 млн гектар жер анықталған. Оның 712 мың гектары қайта айналымға енгізілді, ал 600,4 мың гектары мемлекет меншігіне қайтарылды. Мемлекеттік меншікке қайтарылған жайылымдық жерлердің 151,7 мың гектары елді мекендердегі жеке аулалардың мал жайылымы үшін берілді, ал 269,2 мың гектары конкурс арқылы таратылды. Қалған 179,5 мың гектар жерді айналымға енгізу жұмыстары келесі жылдың бірінші жартысында аяқталмақ.

Жалпы мал шаруашылығы бойынша айтатын болсақ, жыл басынан бері мал басы 2,6 млн басқа жетті. Нарықты ет, сүт өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында өңірде 27,7 мың басқа арналған 71 бордақылау алаңы, 8,3 мың басқа арналған 35 тауарлы сүт фермасы жұмыс істейді. Сонымен қатар үш ірі тауарлы сүт фермасы 2 млрд. теңге инвестиция тарта отырып, 1190 басқа дейін кеңейтілді.

Биыл Жетісу облысында ауыл шаруашылығы саласын қолдауға 64 млрд теңге қарастырылған. Оның ішінде субсидиялар, жеңілдетілген несиелер және техниканы лизингке алу қаражаты бар. Соның 10 млрд теңгесі «Кең дала» бағдарламасы аясында бөлінген. Ал 2025 жылдың қаңтар-қазан айларында ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 403,6 млрд теңгені құрады.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жол тәртібін сақтау - басты назарда

"Заң және тәртіп" тұжырымдамасы аясында Жетісу облысы полиция департаментінің патрульдік полиция батальоны қызметкерлері 2025 жылдың он айында жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ауқымды жұмыс жүргізді.

Бақылау және қадағалау функцияларын іске асыра отырып, полицейлер 38 мыңнан астам жол қозғалысы ережесін бұзу фактілерін тіркеді. Олардың ішінде адам өміріне тікелей қауіп төндіретін аса ауыр құқық бұзушылықтар да бар. Есептік кезеңде жол-көлік оқиғаларының негізгі себептеріне айналатын өрескел бұзушылықтарға ерекше назар аударылды.

Соның ішінде: 143 жүргізуші мас күйінде көлік басқарған — бұл әр жағдайда жол қатысушылары үшін тікелей қауіп төндіреді; 21 мыңнан астам жүргізуші жылдамдық режимін асырып кеткен; 118 жүргізуші қарсы бағыттағы қозғалыс жолағына шыққан — ең қауіпті бұзушылықтардың бірі; 2 мыңнан астам жүргізуші көлік жүргізу кезінде мобильдік телефон қолданған; 3 мыңнан астам жаяу жүргінші жол ережелерін елемеген.

Полиция кез келген заң бұзушылық үшін жауапкершіліктің бұлтартпайтынын еске салады. Жол қозғалысы ережелері — тек қағида емес, олар адам өмірін қорғау мақсатында енгізілген талаптар. Құқық қорғау органдары жүргізушілер мен жаяу жүргіншілерді жауапкершілікке, мұқияттылыққа және белгіленген нормаларды қатаң сақтауға шақырады. Тек ортақ тәртіп пен жоғары мәдениет арқылы жол-көлік оқиғаларын азайтып, адам өмірін сақтап қалуға болады.



Тасқынға - тосқын

Жетісу облысында су тасқынына қарсы атқарылған іс-шаралардың нәтижесінде бүгінге дейін жалпы ұзындығы 2 км қорғаныс дамбылары салынып, жөнделді, 5,8 км су бұру арналары мен арықтар орнатылып, 2,7 км өзен және канал арналары механикалық тазартудан өтті, өзендердің 4 шақырымында тереңдету, арналарын түзеу және жағалауды нығайту жұмыстары жүргізілді. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуда, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің мәліметіне сәйкес, су тасқынының алдын алу жұмыстары облыстың даму жоспары мен 2025 жылдың жазғы-күзгі инженерлік жұмыстарының жоспары аясында атқарылуда. Қазіргі кезде Талдықорған қаласында «Үйтас» пен «Қаратал» саяжай қауымдастықтарының аралығында Қаратал өзенін механикалық тазалау, тереңдету, арнасын түзеу мен нығайту жұмыстары аяқталуға жақын. Сол сияқты Панфилов ауданы Сүптай ауылында Тышқан өзенінің арнасы нығайтылып жатыр. Сонымен қатар су тасқынының алдын алу бағытында жүзеге асырылу жоспарланған 16 іс-шараның 8-і бүгінгі күнге аяқталған. Атап айтқанда, Сарқан ауданы Қарабөгет ауылында Лепсі, Көксу ауданында Быжы және Жарлыөзек өзендерінің жалпы ұзындығы 830 м арнасы түзетілді. Көксу ауданының Мұқаншы және Мұсабек ауылдарында 2,7 км жуық су бұру каналдары тереңдетілді. Кербұлақ ауданы Сарыөзек ауылында 500 м су бұру каналы жайластырылды. Қаратал ауданы Көкдала ауылында және Ақсу ауданы Қапал ауылында су бұру каналдарының 2,5 км жуығы тереңдетілді. Сол сияқты тағы 8 нысанда осындай жұмыстар жалғасуда. Бұл ретте өзен арналарын түзетіп, тереңдетумен қатар дамбы мен көпір орнату және жөндеу, су өткізу құрылыстарын жөндеу және өткізу қабілетін ұлғайту, магистралды каналдарды механикалық тазарту сияқты іс-шаралар атқарылып жатыр.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

● Жолдау - өрлеу өзегі

Ұлт саулығы жолындағы ИГІ ҚАДАМ



Еліміз бойынша спорт нысандарын салуда ілгерілеушілік байқалады. Қуанарлығы, бұл қадам бұқаралық спортты нығайтып, халықтың салауаттылығын арттыруға игі ықпалын тигізуде. Біздің ауданда спорт нысандары аудан орталығында ғана емес, шалғайдағы елді мекендерде де пайдалануға беріліп,

спорт кешендері ауылдарда да бой көтерді. Бұқаралық спортты дамыту бағытындағы ілкімді іс-шаралар Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылып жатқандығы баршаға белгілі.

Бұқаралық спорт - ұлт саулығының кепілі. Өркениеттің көшін бастап тұрған мемлекеттер спорт пен саламатты өмір салтын ұлттық идеология дәрежесінде дәріптейді. Өйткені дені сау ұлт қана елдің тірегіне айналады.

Мемлекет басшысы биылғы халыққа Жолдауында бұқаралық спортты дамыту елдің басым бағыты, ұлт саулығы үнемі назарда екенін тағы да атап өтті. "Баршаңызға мәлім, мен бұқаралық спортты дамытуға баса мән беремін. Аймақтарда спорт нысандары бой көтеріп жатыр. Үйірмелер балаларға қолжетімді бола бастады. Ерекше қажеттілігі бар азаматтарға және егде адамдарға арналған спорт клубтары ашылып жатыр. Сондай-ақ кәсіби спорт саласында оң өзгерістер болып жатыр. Мен бұған дейін шетелден келген спортшыларға бюджеттен қаржы бөлуді шектеу туралы тапсырма бердім. Депутаттар бұл бастаманы қолдап, арнайы заң қабылдады. Бұл - өз спортшыларымызды қолдауға арналған маңызда қадам. Бірақ мұнымен шектеліп қалуға болмайды, алға қарай жүруіміз керек", - деді Президент.

Егде адамдарға арналған спорт клубтарын іргелі қалалардан көріп жүрміз. Біздің ауданда да осындай оң өзгерістің барлығы қуантады. "Жанұя" отбасын қолдау орталығының жанынан "Ұзақ өмір сүру орталығы" ашылды. Ашыла салысымен мұнда келушілер саны зейнеткерлер тарапынан ұлғайып келеді. Осы орталықтан жанына сая тапқан, дене шынықтыруға молынан мүмкіндік алған замандастарымыз көптеп табылады. Демек, жастарды, жасамыстарды ғана емес, егде адамдарды да бұқаралық спортқа тартудың жолы кеңейе түсті.

Жолдауда айтылғандай Мемлекет басшысының тапсырмасымен "Дене шынықтыру және спорт туралы" Заңға түзетулер енгізілді. Биылдан бастап кәсіби клубтарды ұстауға жұмсалатын бюджетке лимит қойылды. Қазақстан азаматы емес спортшыларға енді бюджеттен қаржы бөлінбейді. "Спорттың басым түрлері" ұғымы нақтыланып, өңірлік тізбесі бекітілді.

Ұлт саулығын нығайтып, халықтың сергектігіне серпін беруде әлі де атқарылар шаруа шаш-етектен. Бұл бағыттағы жақсы бастамалар жалғасын таба береріне сенімдіміз.

Жанат МҰҚАШЕВ,

білім саласының ардагері, Сарқан ауданының Құрметті азаматы.



Сарқан ауданы Балқаш көлінің жағасында «Балқаш Тазалық» жаңа мекемесі ашылмақ

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Сарқан ауданының әкімі Ғалымжан Маманбаев ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері туралы баяндады. Туристік маусым кезінде Балқаш көлі жағалауының тазалығын қамтамасыз ету мақсатында «Балқаш Тазалық» атты жаңа мекеме құрылмақ.

Мекеме құрамында 22 арнайы техника жұмыс істеп, 25 адам тұрақты жұмыспен қамтылады. Маусымдық емес кезеңде кәсіпорын аудан аумағын абаттандыру, санитарлық тазалау жұмыстарын орындайды. Ауданның аграрлық секторында 48 млрд 279 млн теңге өнім өндірілді. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда өсім байқалады. Өнеркәсіп өнімінің көлемі 11 млрд 828 млн теңге болды. Жылдық жоспар - 13 млрд 480 млн теңге. 10 айда құрылыс жұмыстарының көлемі 34 млрд 266 млн теңге болып жоспарланған. 2025 жылдың 9 айында 15 646 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.

Ауыл шаруашылығында шамамен 99 мың га алқап себілген, оның ішінде дәнді дақылдар – 52 852 га, майлы дақылдар – 29 453,4 га, қант қызылшасы – 3 801,6 га. Жалпы өнім көлемі 142 330 тонна жетті. «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында Көкөзек ауылында 1 кооператив құрылып, жобаның құны 31 млн теңге болды. 2025 жылы сатып алынған ауыл шаруашылығы техникасының саны – 66 дана. Сарқан қаласының «Болашақ» ықшам ауданында 2 5-қабатты, 60 пәтерлі үй құрылысы аяқталып, қабылдау жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, әлеуметтік осал топтар үшін 50 тұрғын үй сатып алу жоспарланған. Қазіргі уақытта тұрғын үй кезегінде 820 азамат бар.

Инфрақұрылым саласында «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында Қойтас паркі абаттандырылды. Сарқан қаласында 3 км ұзындығында жаяу жүргіншілер жолы төселіп, пайдалануға берілді. Жол құрылысы мен жөндеу жұмыстары ауқымды жүргізілуде. «Алматы-Өскемен» автожолының 325–410 км аралығы бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталды. Аудандық маңызы бар жолдарға орташа жөндеу үшін 6 нысанға 448,187 млн теңге бөлінді. Қысқы күтімге 37 млн теңге қарастырылған. Сарқан ауданының 36 елді мекеннің 28-і орталықтандырылған сумен жабдықталған. Ауыз су желілерінің жалпы ұзындығы 325,94 км. Сарқан қаласының жоғарғы су торабы бойынша жөндеу жұмыстары 89% орындалды. Білім беру саласында 28 мектеп және 12 мектепке дейінгі мекеме (оның ішінде 6 жеке меншік) жұмыс істейді. Биыл жаңа модификациялық кабинеттер, STEM және робототехника кабинеттері алынды.

Денсаулық сақтау саласында 27 мекеме жұмыс істейді. 76 дәрігер және 319 медбике қызмет атқарады. 10 мың адамға шаққандағы дәрігерлермен қамтылу – 21,6%, орта медициналық қызметкер – 90,8%. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» жобасы бойынша бірнеше ауылда ФАП және БМК құрылысы жоспарланған. Мәдениет саласында 13 мәдениет үйі мен клуб, 13 кітапхана, 2 мұражай, 1 мұрағат қызмет атқарады. Бақалы ауылындағы мәдениет үйінде ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бұқаралық спорт бойынша 112 нысан, оның ішінде 403 спорт секциясы, спортпен айналысатын 16 375 адам бар. Туризм саласында 24 объект, 2025 жылы 27 мың демалушы қабылданды. Балқаш көлінің жағасын инженерлік-коммуникациялық жүйелермен дамытуға 3,7 млрд теңге бөлінді. Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы халықтың өмір сапасын арттыруға бағытталған маңызды жобаларды іске асыру арқылы жүзеге асырылуда. Барлық бастамалар халық игілігіне, өңірдің өркендеуіне және елдің дамуына қызмет етеді.



Келісімшарт бойынша әскери қызмет атқару

Сарқан ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі әскери қызметке жарамды, 29 жасқа дейінгі запастағы офицерлер мен 32 жасқа дейінгі медициналық қызметтің запастағы офицерлері және 18 ден 30 жасқа дейінгі запастағы сержант, қатардағы жауынгерлерді уәкілетті органдардың өтінімдері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде бейбіт уақытта келісімшарт бойынша офицерлер және сержант, қатардағы жауынгерлер құрамының лауазымдарында әскери қызмет өткеру үшін шақырады.

Үміткерлерге қойылатын талап:

Ерлерге – әскери билеттің болуы, білімі орта (11 сынып), арнайы орта және жоғары;

Әйелдерге - білімі арнайы орта және жоғары.

Толық ақпарат алу үшін Сарқан ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөліміне келуіңізге болады, мекенжайымыз: Сарқан қаласы, Жамбыл көшесі №96 үй, байланыс телефоны: 8(72839)2-21-56

С.АЙМУХАНОВ,

Сарқан ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы, подполковник.

● 101 ескертеді

Абайлаңыз - газ баллоны!

Көптеген табиғи газдар адамдар үшін қауіптің ықтимал көзі болып табылады. Ең қауіптісі – күнделікті өмірде қолданылатын метан және сұйытылған газ (баллондарда). Ағып кету кезінде олар тұншығуды, улануды және ең жаманы жарылысқа әкелуі мүмкін. Тұрмыстық газдың жарылуына жол бермеу мақсатында Сарқан ауданы ТЖБ газ аспаптарын пайдалану және оларға күтім жасау ережелерін мұлткісіз сақтау туралы ескертеді:

Газ аспаптары мен жабдықтарын орнатуды, реттеуді, тексеруді және жөндеуді білікті мамандарға тапсырыңыз;

Газ баллонын желдетілетін жерде, тек тік күйде сақтаңыз;

Шар мен газ түтігін жылу мен тікелей күн сәулесінен қорғау үшін шаралар қолданыңыз;

Баллонды ауыстырмас бұрын, жаңа және пайдаланылған баллондардың қрандары жабық екеніне көз жеткізіңіз;

Жақын жерде от, ыстық көмір, электр аспаптары қосылған кезде газ баллонын ауыстырудан аулақ болыңыз;

Баллонды газ плитасымен қосу үшін қауіпсіздік қысқыштарының көмегімен бекітілген, ұзындығы бір метрден аспайтын таңбалануы бар арнайы (кездейсоқ емес) икемді резеңке шлангіні пайдаланыңыз. Оның созылуына немесе қысылуына жол бермеңіз;

Пайдаланылмайтын баллондарды (толтырылған немесе бос) үй – жайдан тыс жерде сақтаңыз;

Балаларды газ аспаптарына жіберу жағдайларын болдырмаңыз;

Газ аспаптарын қосу кезектілігін сақтаңыз: алдымен сіріңкені жағып, содан кейін газ беруді ашыңыз;

Газдың ағып кетуіне жол бермеу үшін қайнаған сұйықтар отты толтырмас үшін пісіру кезінде бақылаңыз. Қыздырғыштарды үнемі тазалаңыз.

Жұмыс аяқталғаннан кейін баллон қранын ЖАБУДЫ ҰМЫТПАҢЫЗ!

Үй – жайда газдың иісі пайда болған кезде газ беру қранын жабу, үй-жайды желдету үшін терезелер мен есіктерді дереу ашу, ашық отты пайдаланбау, электр және электр аспаптарын қоспау, телефон сымы мен розеткаларды тартып алу керек; Егер жағдай бақылаудан шығып кетсе, өрт сөндірушілер мен құтқарушыларды «101» немесе «112» телефоны бойынша хабарласу керек!

Е.ЖАПАРҒАЛИ,

Сарқан ауданы ТЖБ аға анықтаушысы, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Көліктегі өрт қауіпсіздігі ережелері

Автомобильде өрттің туындау мүмкіндігін барынша азайту үшін жеке автокөлікті техникалық жарамды күйде ұстау, зауыттық нұсқаулықтың талаптарына сәйкес пайдалану және қызмет көрсету, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтау қажет.

Өрт электр сымдары жүйесіндегі ақауларға байланысты жиі туындайды. Сондықтан оқшаулау күйіне және контактілердің сапасына назар аудару керек. Электр жүйесіндегі барлық өзгерістер немесе толықтырулар сапалы тексерілуі керек.

Автомобильді пайдалану кезінде уақыт өте келе жанармай шлангтары тозады немесе жыртылады, қосылыстарда ақаулар пайда болады. Бензин буы ұшқын болған кезде немесе қозғалтқыштың, пайдаланылған коллектордың ыстық беттерімен жанасқанда тез тұтанады.

Автомобильдің қазіргі заманғы өрлеуі негізінен полимерлерден, пластиктерден және басқа синтетикалық материалдардан тұрады, оның үстіне олардың барлығы дерлік жанғыш. Мұндай материалдар жанған кезде бөлінетін газдар өте улы.

Егер сіздің автокөлігіңіз қозғалыс кезінде жанса, өрт кезінде автомобильде келесі тәртіп ережелерін сақтаңыз: Көлікті тоқтатыңыз; Қозғалтқышты өшіріңіз; Сорғыштың құлпын босатыңыз, бірақ сорғышты ашпаңыз; Барлық жолаушыларды шығарыңыз.

"101" нөміріне қоңырау шалып, өрт сөндірушілерді шақырыңыз. Егер бұл қауіпті болмаса, машинада бар өрт сөндіргішті пайдалануға тырысыңыз.

Өрт сөндіру кезінде қозғалтқыш бөлігінде суды пайдаланбаңыз, себебі бұл электр өткізгіштің қысқа тұйықталуына немесе жанып жатқан бензиннің тарауына және жану алаңының ұлғаюына әкелуі мүмкін.

Е.ТУРСУНОВ,

Сарқан ауданы ТЖБ бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі.

Тілдік орта қалыптастыру – ұлттық болмысты сақтаудың жолы



Қазақ тілінің қоғамдағы орны мен болашағы ең алдымен оның табиғи тілдік ортасына байланысты. Тіл тек оқулықпен, арнайы курс арқылы ғана дамымайды; ол ең әуелі күнделікті өмірде қолданыс тапқанда ғана өміршең бола алады. Сондықтан тілдік ортаны қалыптастыру – ұлттық болмысты сақтау ісінің маңызды құрамдас бөлігі.

Қазақ тілінің ұрпақ санасына терең сіңуі үшін отбасы, білім беру жүйесі және қоғамдық кеңістік біртұтас тілдік алаң қалыптастыруы қажет. Отбасында баланың алғашқы сөздері естіледі, алғашқы дүниетанымы қалыптасады. Сол себепті үй ішіндегі қазақша қарым-қатынас тілге деген табиғи қызығушылық пен құрметті қалыптастыратын негізгі фактор болып табылады. Тілді үйретудегі отбасылық жауапкершілік – мемлекеттік тіл саясатының да тірегі.

Тілдік ортаның екінші маңызды кеңістігі – білім беру. Оқыту процесінде қазақ тілін тек теориялық пән ретінде емес, практикалық қарым-қатынас құралы ретінде қолдануға жағдай жасалғанда ғана оқушы не тыңдаушы тілді өмірлік қажеттіліктеріне бейімдеп меңгереді. Заманауи әдістер, тілдік платформа, интерактивті құралдар – тілдің қолданыс аясын кеңейтуге мүмкіндік беретін маңызды тетіктер.

Қоғамдық ортада қазақ тілінің белсенді қолданылуы да тілдік ортаның сапасын айқындайды. Мемлекеттік мекемелерде, қызмет көрсету саласында, бұқаралық ақпарат құралдарында және жаңа медиа кеңістігінде қазақ тілінің орнықты қолданысы – тілдің мәртебесін арттырып, оны күнделікті қажеттілікке айналдырады. Тілге сұраныс бар жерде ғана оның табиғи дамуы қамтамасыз етіледі.

Тілдік ортаны қалыптастыру – бір күндік әрекет емес, жүйелі және жауапты үдеріс. Бұл – әр азаматтың мәдени санасы мен азаматтық көзқарасын көрсететін өлшем. Қазақ тілін құрметтеу, оны қолдану, қолдау – ұлттық болмысқа деген құрметтің көрінісі. Тілін сақтаған ұлт қана өзінің рухани тұтастығын сақтай алады.

А.САГИНОВА,
Жетісу облысы «Тіл» оқу-
әдістемелік орталығы Сарқан
аудандық филиалының
меңгерушісі.



Кейбір азаматтар қандай медициналық қызметтерді тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі (ТМККК) және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) аясында алуға болатынын білмейді. Ал емханаға тіркелу арқылы көптеген медициналық қызметті алып, қаражатты үнемдеуге болады. Осы жайлы толығырақ қарастырайық.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында емханаңызды білудің қаншалықты маңызды әрі тиімді екенін тағы бір мәрте еске салады.

Азаматтардан келіп түсетін өтініштердің басым бөлігіне зер салсақ, олардың көпшілігі қай қызметтердің сақтандырусыз көрсетілетінін, қайсысы МӘМС пакетіне кіретінін білмейді. Шын мәнінде емханада профилактикалық тексеруден бастап күрделі операцияларға дейін көптеген қызмет түрін алуға болады. Егер өз құқығыңызды біліп, тіркелген емханаңызға жүгінсеңіз, мұның бәрі тегін көрсетіледі.

Қайда бару керек?

Медициналық қызметтерді пайдалану үшін ең алдымен өз емханаңызды және учаскелік дәрігеріңізді білу маңызды.

Егер сіз бұрын-соңды емханаға бармаған болсаңыз, тіркелген медициналық ұйымды eGov.kz порталындағы жеке кабинеттен немесе eGov Mobile мобильді қосымшасынан біле аласыз.

Кейбір өңірлерде (мысалы, iKotek) анықтама қызметтері бар,

Деніңіз сау болса да, емханаға не үшін бару керек?

олар сіздің тұратын мекенжайыңызға сәйкес келетін медициналық ұйымды анықтауға көмектеседі. Сонымен қатар, бұл туралы өңірлік денсаулық сақтау басқармаларынан да кеңес алуға болады.

Айта кетейік, қажет болған жағдайда – жылына екі рет өз қалауыңыз бойынша, сондай-ақ тұрғылықты жерді ауыстыруға байланысты немесе тіркеу кампаниясы кезінде емхананы ауыстыруға болады (толығырақ <http://zan.gov.kz/client#!/doc/148575/rus>). Бұл қызмет eGov.kz порталы арқылы көрсетіледі.

Бұл – негізгі минимум

Қай емханаға тіркелгеніңізді білген соң, сол жерге жүгініп, қажетті медициналық көмекті ала аласыз.

Өр тіркелген азамат жыл сайын өз емханасында профилактикалық тексеруден өтуге құқылы. Бұл ауруларды ерте кезеңде анықтауға және денсаулықты сақтауға мүмкіндік береді.

Ең алдымен – флюорография. Ол өкпе ауруларын ерте анықтау үшін жылына бір рет жасалады.

Сонымен қатар, жыл сайын дәрігерге дейінгі тексеру кабинетіне

бару қарастырылған. Онда артериялық қысым, қандағы қант мөлшері, бой, салмақ және көру өткірлігі өлшенеді. Егер сіз медициналық ақпараттық жүйенің мобильді қосымшасын пайдалансаңыз, учаскелік дәрігерге жазылмас бұрын осындай кабинетке бару қажеттілігі туралы хабарламалар алып жүрген боларсыз. Бұл кабинетке жолдама да, алдын ала жазылу да қажет емес, қызмет көрсету әдетте кезекпен жүзеге асырылады.

Әйелдер міндетті түрде алдын ала қаралу кабинетіне баруы керек. Онда профилактикалық тексеру жүргізіліп, шағымдар туралы сұралады, онкоцитологияға жағынды алынады және жалпы әйелдердің денсаулық жағдайы бағаланады.

Сонымен бірге жасына байланысты ерлер мен әйелдерге, шағымның бар-жоғына қарамай көрсетілетін маңызды медициналық қызметтердің бірі – скринингтік тексерулер. Олар жүрек-қан тамырлары, онкологиялық және басқа да ауруларды ерте кезеңде анықтауға бағытталған.

Айта кетерлігі, осындай тексерулерден тұрақты түрде өту мәселелерді уақытылы анықтап, асқинулардың алдын алуға мүмкіндік береді.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы.

ҚОСЫМША КЕҢЕСТЕР АЛУҒА БОЛАДЫ

«БЖЗҚ» АҚ жыл басынан бері көрсеткен қызметтердің 98% цифрлық форматта іске асырылған.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (Қор/БЖЗҚ) қазақстандықтарға цифрлық форматта түрлі қызметтер көрсетеді және оларды клиенттердің қажеттіліктеріне бейімделе отырып дамытуды жалғастыруда. Қордың сайтта және мобильді қосымшада 24/7 режимінде көрсететін қызметтерінің қолжетімділігі салымшылардың қызығушылығын арттырудың маңызды шарты болып табылады.

01.01.2025 ж. мен 30.09.2025 ж. аралығында халыққа шамамен 33,7 млн қызмет көрсетілді. Көрсетілген қызметтердің жалпы санының 20 млн-ы электрондық форматта, 12,6 млн автоматты түрде жүргізілді. Осылайша, автоматты, электрондық және қашықтықтан көрсетілген қызметтердің үлесі жалпы санның 97,9%-ын құрады. Қор қызметкерлері салымшыларға 724,4 мың қызметті жүзбе-жүз көрсетті, оның ішінде 708,9 мың қызмет тікелей Қордың кеңселерінде жүзеге асырылды.

Естеріңізге сала кетейік, барлық зейнетақы шоттары БЖЗҚ-ға бірінші жарна түскен кезде автоматты түрде ашылады. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының 18 жасқа толмаған азаматтарына нысаналы талаптар автоматты түрде есептеліп, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде нысаналы жинақтарды алушыларға нысаналы жинақтарды есептеу және есепке алу үшін нысаналы жинақтау шоттары ашылады.

Есепті кезеңде шартты зейнетақы шоттарын (жұмыс берушінің ЖМЗЖ аударуы нәтижесінде ашылатын ШЗШ) және нысаналы жинақтау шоттарын ("Ұлттық қор - балаларға" бағдарламасы аясында ашылатын НЖШ) қоса алғанда, зейнетақы жарналарының барлық түрлері бойынша автоматты режимде ашылған жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) жалпы саны 1,2 млн жетті.

Жеке зейнетақы шотынан, шартты

зейнетақы шотынан (ШЗШ), сондай-ақ нысаналы жинақтау шотынан (НЖШ) үзінді көшірме алу бұрынғысынша ең танымал қызмет санатында. Жыл басынан бері ЖЗШ, ШЗШ, НЖШ-дан 21,7 млн үзінді көшірме берілді. Оның 18,3 млн-ы – электрондық, ал 2,9 млн үзінді көшірме автоматты түрде рәсімделді. Шоттың жай-күйіне қатысты ақпаратты жеке кабинет арқылы алу – зейнетақы жинақтарын қадағалаудың ең ыңғайлы, сенімді және жедел тәсілі. Қызмет тәулік бойы (24/7) онлайн режимде жұмыс істейді, бұл ақпаратты кез келген уақытта және әлемнің кез келген нүктесінен алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зейнетақы шоттары туралы ақпаратты БЖЗҚ сайты арқылы ғана емес, egov.kz электрондық үкімет порталы немесе оның мобильді қосымшасы арқылы да алуға болады. Бұл мемлекеттік қызметтерді бірыңғай платформалар арқылы алуға дағдыланған азаматтарға өте қолайлы. БЖЗҚ 2025 жылдан бастап жыл сайынғы үзінді көшірмелерді пошта арқылы автоматты түрде жіберу тоқтатылғанын ескертеді. Бірақ, зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты "БЖЗҚ" АҚ атына тиісті сұранысты жіберген пошта арқылы алу мүмкіндігі сақталады.

Салымшылардың (алушылардың) қор сайтындағы және ұялы қосымшасындағы жеке кабинеттен үзінді көшірме алудан басқа өз деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, шотының бар екендігі туралы анықтама алу, 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің мерзімсіз уақытқа белгіленуіне байланысты немесе ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру сияқты қызметтерді пайдалануға мүмкіндіктері бар. Сондай-ақ, зейнетақы жарналарын төлеу туралы өтініштің мәртебесін қадағалау, инвестициялық портфельді басқарушыға (ИПБ) жинақтардың бір бөлігін аудару, зейнетақы калькуляторының көмегімен болашақ зейнетақыны болжамды есептеу және т.б. қызметтер қолжетімді. Мәселен,

жыл басынан бері салымшылардан жинағының бір бөлігін инвестициялық портфельді басқарушыларға аудару туралы 56,4 мың өтініш қабылданып, оның 53,9 мыңы электрондық нұсқада іске асырылған.

2025 жылдың басынан бастап 9 ай ішінде деректемелерді өзгертуге 104,2 мың өтініш қабылданды. Оның 98,3 мыңы Қордың кеңселерінде ұсынылды.

БЖЗҚ мамандарына қандай да бір қызмет түрі бойынша жүгіне отырып, салымшылар, әдетте, жинақтарды қалыптастыруға қатысты қосымша кеңестер ала алады. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары аясында 38,3 мың көшпелі таныстырылым өткізіліп, оған 781,4 мың адам қатысты. Бұқаралық ақпарат құралдарында БЖЗҚ хабарламалары бойынша 32,1 мың материал жарияланды.

Салымшылар мен алушылардың кері байланыс (Call-орталық, веб-сайт арқылы кеңес, мессенджерлер, әлеуметтік желілер және басқа байланыс түрлері) арналары бойынша түскен өтініштерінің саны – 395,2 мың.

Естеріңізге сала кетейік, кез келген компания Қор кеңсесіне барып жинақтаушы зейнетақы жүйесінің мәселелері бойынша таныстырылым мен кеңестер өткізуге өтінім бере алады. Ол үшін 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығына қоңырау шалып, Қор сайты немесе ұялы қосымшасы арқылы хабарласу қажет.

БЖЗҚ-ның кеңес беру қызметтерін мессенджерлер (+7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viber чат-боттары) арқылы, 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығынан (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін), eprf.kz корпоративтік сайтынан, сондай-ақ, Instagram, Facebook, ВКонтакте, Telegram, Одноклассники сияқты әлеуметтік желілердегі БЖЗҚ-ның ресми парақшаларынан алуға болады.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы.

МЕРЗІМДІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ ШАҚЫРУДАН ЖАЛТАРҒАН АЗАМАТТАРҒА

Қазақстан Республикасының «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңының 17-бабының 3-тармағына сәйкес ішкі істер органдары өз құзыреті шегінде әскери міндетті орындаудан жалтарып жүрген адамдарды іздестіруге міндетті.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 47-тарауына («Зиян келтіруден туындайтын міндеттемелер») сәйкес, мерзімді әскери қызметке шақырудан жалтарып жүрген азаматтарды іздестіру іс-шараларын жүргізу кезінде мемлекеттік органдар шеккен шығындар кінәлі адамдардың есебінен өтелуге жатады.

Мерзімді әскери қызметке шақырудан жалтару фактісі расталған және кінәлі тұлға жауапкершілікке тартылған жағдайда, тиісті мемлекеттік органдар іздестіру іс-шараларын жүргізуге, азаматты жеткізуге, сондай-ақ өзге де ұйымдастырушылық әрекеттерге байланысты шеккен шығындарды өтеу туралы талап қоюға құқылы.

Өтеуге жататын шығындарға мыналар жатады:

- көлік шығындары (отын-май материалдары, жол ақысы, қызметтік көлікті пайдалану);

- іссапар шығындары (күндік өтемақы, тұру шығындары, іздеу орнына жол жүру шығындары);

- байланыс және пошта қызметтері бойынша шығындар (хабарламалар, сұраулар, телефон арқылы сөйлесулер);

- ақпараттық-іздестіру іс-шараларына байланысты шығындар (деректер қорымен жұмыс, сұраулар, анықтамалар алу – қызмет ақылы болған жағдайда);

- Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 177-бабында көзделген процестік шығындар;

- ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 21 қарашадағы №1220 қаулысымен бекітілген, тергеуден немесе соттан қашып кеткен күдіктіні, айыпталушыны, сотталушыны іздестіруге байланысты жұмсалған сомаларды есептеу қағидаларында көзделген, іздестіруді жүргізуге тікелей байланысты құжатталған өзге де шығыстар.

Аталған шығындарды өндіру туралы сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін оның орындалуы ҚР «Іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Сот шешімін орындаудан зұлымдықпен жалтарған жағдайда қарыз алушылар ҚР Әкімшілік құқық бұзушылықтар кодексінің 669-бабы («Сот шешімін орындамау») бойынша әкімшілік жауапкершілікке немесе ҚР Қылмыстық кодексінің 430-бабы («Сот актісін орындамау») бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

ГРАЖДНАМ, УКЛОНЯЮЩИМСЯ ОТ ПРИЗЫВА НА СРОЧНУЮ ВОИНСКУЮ СЛУЖБУ



В соответствии с пунктом 3 статьи 17 Закона РК «О воинской службе и статусе военнослужащих» органы внутренних дел в пределах своей компетенции обязаны осуществлять розыск лиц, уклоняющихся от выполнения воинской обязанности.

Также Гражданским кодексом РК (глава 47 «Обязательства, возникающие вследствие причинения вреда»), предусмотрено, что расходы, понесенные государственными органами при проведении мероприятий по розыску граждан, уклоняющихся от призыва на срочную воинскую службу, подлежат возмещению за счёт виновных лиц. В случае подтверждения факта уклонения от призыва на срочную воинскую службу и привлечения виновного лица к ответственности, соответствующие государственные органы вправе предъявить требование о возмещении понесенных расходов, связанных с проведением розыскных мероприятий, доставлением гражданина, а также иными организационными действиями.

К возмещаемым затратам относятся: транспортные расходы (ГСМ, проезд, использование служебного транспорта); командировочные расходы (суточные, проживание, проезд к месту розыска); расходы на связь и почтовые услуги (уведомления, запросы, телефонные переговоры); затраты на информационно-поисковые мероприятия (работа с базами данных, запросы, получение справок – в тех случаях когда оказываемая услуга является платной); процессуальные издержки, предусмотренные статьей 177 Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан; иные документально подтвержденные расходы, непосредственно связанные с проведением розыска, предусмотренные Правилами исчисления сумм, израсходованных в связи с розыском подозреваемого, обвиняемого, подсудимого, скрывшихся от следствия или суда утвержденными постановлением Правительства РК от 21 ноября 2014 года № 1220.

После вступления решения суда о взыскании указанных расходов в законную силу исполнение осуществляется в порядке, установленном Законом РК «Об исполнительном производстве и статусе судебных исполнителей».

При злостном уклонении от исполнения решения суда должники могут быть привлечены к административной ответственности по статье 669 Кодекса РК «Об административных правонарушениях» («Неисполнение решения суда») либо к уголовной ответственности по статье 430 Уголовного кодекса РК («Неисполнение судебного акта»).

С.АЙМУХАНОВ,

Сарқан ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы, подполковник.

Ұлттық валюта күні: ТӨЛ ТЕҢГЕНІҢ ТАРИХЫ

15 қараша – Қазақстан үшін ерекше маңызы бар күн. Бұл күні еліміздің ұлттық валютасы – теңге айналымға енгізілді. 1993 жылғы 15 қарашада Қазақстанның ұлттық валютасы - теңге айналысқа енгізілді. Теңге еліміздегі алғашқы ақша емес. Ежелгі Қазақстан аумағында ақша бұдан көптеген ғасырлар бұрын пайдаланылған. Сырдарияда, Отырар алқабында түркі билеушілері, ал Жетісуда түргештер 7-8 ғасырларда өз ақшаларын шығарған. Отырар мен Исфиджабта монет сарайлары жұмыс істеген. Оныншы ғасырлардың ортасы мен сегізінші ғасырларда қалалар тез өсіп, тауар өндірісі мен сауда көлемі ұлғая түсті. Он төртінші ғасырдың соңынан бастап Қазақстанда Әмір Темір монеталары айналымға енді. Бұлардан басқа Қазақстан қалаларында саудада Самарқанд, Бұхара, Ташкент монеталары, негізінен, мыс динарлар пайдаланылды. Қазақстан ақшасының бұрынғы тарихы міне, осындай. Күрделі жиырмасыншы ғасырда Қазақстан біртұтас рубль аймағына кірді.

1991 жылы Кеңес Одағы ыдыраған соң, жас мемлекеттер өз қаржы жүйесін құруға кірісті. Қазақстан да дербес экономикалық саясат жүргізу үшін ұлттық валютасын енгізу қажеттігін түсінді.

Алғашқы кезде 1 АҚШ долларының бағамы 4,75 теңге болды. Ұлттық валютамыздың атауы ретінде «теңге» сөзі кездейсоқ таңдалған жоқ — ол орта ғасырлардағы күміс ақшалардың атауы, түркі тілінен аударғанда «өлшем», «құндылық» деген мағынаны білдіреді. Алғашқы банкноттардың эскиздерін қазақстандық суретшілер — Тимур Сүлейменов, Меңдібай Әлин, Ағымсалы Дүзелханов және Хайролла Ғабжәлелов жасаған. Банкноттар Ұлыбританияның Harrison and Sons



фабрикасында басылып шықты. Бірінші серияда қазақ халқының ұлы тұлғалары —Әл-Фараби (1 теңге), Сүйінбай (3 теңге), Құрманғазы (5 теңге), Шоқан Уәлиханов (10 теңге), Абай (20 теңге), Өбілхайыр хан (50 теңге) бейнеленді.

Бүгінгі теңге — заманауи қорғаныс элементтері бар, дизайны ұлттық өрнек пен тарихи бейнелерді үйлестірген, әлемдік деңгейде мойындалған валюта. 2013 жылы қазақтың ұлы композиторы, қазақ симфонизмінің негізін қалаушылардың бірі Мұқан Төлебаевтың туғанына 100 жыл толуына орай Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арнайы естелік күміс монетаны айналымға шығарды. Монетада композитордың бейнесі, қолтаңбасы және музыкалық ноталар бейнеленген. Бұл нумизматикалық шығарылым — ұлттық өнер мен мәдениетке деген зор құрметтің белгісі. Осы мерейлі күнге орай Мұқан Төлебаевтың мемориалдық музейі Ұлттық валюта күніне арналған «Ұлттық валюта күні: Төл теңгенің тарихы» атты көрмені



Лепсі ауылдық Мәдениет үйінде ұйымдастырды. Экспозицияда әр жылдары шығарылған теңгенің барлық түрлері, әр түрлі номиналдағы монеталар мен банкноттар, сондай-ақ әлемнің басқа мемлекеттерінің валюталары қойылды. Көрмеде Ирландия, Тайланд, Ресей, Қырғызстан және басқа да елдердің монеталары мен банкноттары да ұсынылды. Бұл көрме көрермендерге теңгенің эволюциясын көзбен көруге, оның халықаралық деңгейдегі орнын түсінуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар көрмеде алғашқы теңге үлгілері, сирек кездесетін тиындар, архивтік фотосуреттер, Мұқан Төлебаевқа арналған юбилейлік монетаның үлгісі көрсетілді.

Айта кету керек, Мұқан Төлебаевтың бейнесі бейнеленген құнды естелік монеталар музей қорына Долаев Мандат пен Амандосова Гүлнұр тарапынан сыйға тартылды. Бұл экспонаттар көрменің мәнін арттырып, музей қорындағы аса бағалы жәдігерлердің біріне айналды. Теңге — тәуелсіз Қазақстанның алғашқы жетістіктерінің бірі. Ол ел экономикасының іргетасын қалап, тұрақтылық пен дамудың символына айналды.

Ұлттық валюта күні — өткенге тағзым етіп, келешекке сеніммен қарауға, елдің экономикалық егемендігін бағалауға үндейтін маңызды мереке.

Д.ТУНГАТОВА,

Мұқан Төлебаевтың мемориал-ды музейінің экскурсия жүргізушісі.

Коррупция социальное бедствие

Борьба с коррупцией на сегодняшний день является серьезной проблемой нашей страны. Очевидно, что, будучи огромным социальным бедствием, она сильно беспокоит каждую страну мира, которые не похожи друг на друга с точки зрения политического развития.

В настоящее время большую роль для дальнейшего развития страны играет правомерное исполнение и соблюдение Конституции, законов, нормативных правовых актов, указов, изданных в Республике Казахстан. Если есть преступление, то по закону будет и наказание.

В соответствии с Законом Республики Казахстан «О противодействии коррупции» борьба с коррупцией должна проводиться всеми государственными органами и должностными лицами. Руководители государственных органов, коллективов, органов местного самоуправления обязаны в пределах своих полномочий обеспечивать выполнение требований закона с привлечением кадровой, контрольной, юридической и иной деятельности.

Конечно, коррупция - это не болезнь, которую лечат лекарствами. Для этого необходимо объединить все усилия общества, использовать все приемы, чтобы остановить эту болезнь, чтобы она еще больше не обострилась, и мобилизоваться против нее. Поэтому борьба с коррупцией должна быть гражданским долгом всех жителей Республики Казахстан.

Д. КАЛИБЕКОВ,

судебный исполнитель филиала «территориального отдела Аксуского межрайонного принудительного исполнения» департамента юстиции области Жетысу министерства юстиции РК.

•Шашубай Қошқарбайұлы -160

Жомарт ИГИМАН

Қазақ музыкасының биік тұлғасы, дара дарын, біздің даңқты жерлесіміз Мұқан Төлебаев Қарашыған ауылында туып, сол аумалы-төкпелі заманның қиындығын көріп ержеткен болатын. Ес білгелі әкешесіне көмектесіп, еңбек жолын балықшылықтан бастап, арнаулы курс бітіріп, «Үлгі» шаруашылығында, аудандық мемлекеттік сақтандыру мекемесінде бухгалтер болған оның 1935 жылы ауылдың сауықшыл жастарының басын қосып, ел ішінен музыкалық аспаптар жиыстырып, Жұмысшы-жастар театрын ашқанын екінің бірі біле бермейді.

Өнерпаздардың басын қосу туралы ой ойда-жоқта туды. Балқаш төскейінде «тірі күміс» күреп жүрген балықшылар колхозға жағдайымызды жаса деп қол жаймайтын. Он екі адам қыс бойы алыс аралдарға қоныстанып, балық аулайтын. Он екінің бірі аспаз, екіншісі ат күтуші. Қалғандары мұз ойып, соған ау төгіп, күніне екі рет ау сүзеді. Бұлаңдаған ақ балық, қара балық, қып-қызыл сазандар ауға алғаш түскенде басын тауға да, тасқа да соғатын екпінмен бұлқынғанымен де көп ұзамай басқа салғанға көніп жуасып калатын.

Жаз айының өзіндік қызық, қуанышы бар. Жас үйленгендер келіншектерін өздерімен бірге алып келетін. Қамыстан қалқа жасап алады. Кірі жуулы, тамағы асулы. Балықшылар қайыққа тербеліп өнге салғанда көлдің күміс толқыны, көлбей соққан жібек жел, жағалаудағы қамыс-құрақ қайырмасына қосылатын. Мұқан балық есебін алып жүргенде мұндай көрініске сан мәрте куә болған-ды.

- Жұмысшы жастар театрын құрамын, - деген ұсынысын бастапқыда басқарма құп ала қоймады. Ойын-сауыққа қатысам деп жастар жағының театрға ауысып кетуінен қауіптенген-ді ол. Соңынан аудандық комсомол комитетінен кузау түскен соң барып елп ете қалды.

- Мұқан, бастамаң баянды болсын! Керек адамдарынды жұмыстан босатудың мүмкіндігін табармын. Іске сәт!

Жұмыс жанданып жүре берді.

Аудан басшылығы қолдап отырғанда аянуға бола ма? Госстрахтағы жұмысынан мұрсат алып Бөрлітөбе ауданындағы он жеті ұжымды, станцияларды, разъездерді, заводтарды, мекемелерді, сондай-ақ Жезқазған облысының аудандарын аралап, Сарқанда, Андреевкада, Үшаралда, Семей облысының бірнеше аудандарында болып, қазағы-орысы бар отыз бес адамның басын қосты. Оның он екісі орыс тобында, бұл топқа Наташа Смирнова жетекшілік етті. Сол 1934 жылы ауыл еңбеккерлерінің сұрауы бойынша жұмысшы-жастар театрының мүшелері парходпен төрт завод, он үш колхоз ұжымдарын аралап, өнерлерін көрсетті. Қадау Баймұхамедов орындайтын «Ағаш аяқ», «Айтуған қыз», «Сұр келіншек», Балуан Шолақтың «Ғалиясы», Абайдың «Айттым сәлем Қаламқасы» қалың көптің жүрек қылын қозғайтын. Кәрім Сарбасов пен Жамға Шалбасованың ешкімге



ұқсамайтын әуезді үндері қандай еді? «Майдақоңыр», «Зұлқия», «Шәмшібану», «Майра» әндерімен ел сусындап, қайта-қайта сахнаға шақырғаны естен шығар ма?

Әзіл-қалжыңсыз жүре алмайтын Оспан Қатшыбаев театрдың сәні еді. Концерт жүргізуде Оспанның туа бітті шеберлігі тәнті ететін.

Шіркін-ай, елдегі осындай дарындар білім алса, бойда барын халқына ақтарып беретін қазына емес пе? Қамаш Сыздықов, Нүркеш Бекбосынов, Асылмұрат Бековтардың салған әні, орындаған күйі жылдар өтсе де жұрт жадынан шыға қоймаған болар.

Бірде көркемдік кеңесте аты енді шыға бастаған бір әнші:

-Композиторлар, рас, әуеннің, әннің кіндік әкесі. Бірақ олар әнді табиғи қалпында жұртшылыққа жеткізіп, жүреппен айтудың қандай қиын екенін сезіне ала ма? «Әнді айтсаң жаныңды жеп айтасың» дегенді халқымыз тегіннен тегін айтпаған болар. Сондықтан репертуарына алған әннің тағдырына композиторлармен қатар әнші де ортақ. Ендеше абыройы да ортақ болуы керек, - деген-ді.

Сол шіркіндер мұның да өнер жолын әнші болып бастағанын білер ме екен? «Жетіарал» әнін Құл ақынның әуенімен айтатын. «Кең Балқаш» әнін шырқағанда ел тұрмақ көл тебіренетін. «Әуілдек», «Еліғай», «Аққұмды» сызылқанда көктегі бозторғай да дамыл алып, қызыл құмның өзі көшуін доғаратын.

Бұлай деп Мұқан мақтанып көрген жоқ. Бірақ әнін тыңдағандардан ұдайы жоғарғы баға алғаны есінде.

Театр қалыптастырудың машақаты көп екен. Алғашында Жезқазғанға сапарында Шашубай ақынды арнайы іздеп барған.

- Мен сізді білем, танысайын деп келдім, - деп бастады Мұқан әңгімесін.

- Өнерінді ортаға сал. Бір-бірімізді бағалай отырып пікірлесейік.

Шашубайдың шарты көңілінен шықты. Домбырасының құлақ күйін келтіріп «Қосбасарды» күмбірлетті, «Қанатталдыны» әуелетті.

- Ал, ендігі кезекті маған бер!

Шашубайдың ән айтар алдында шекесіндегі тақиясы шүйдесіне аунады. Ащы дауыс шырқау көкке шығып ап қалықтап тұрып алды. Көзі ойнақшып, бет жүзі құбылды. Бағанағы сынық қалпы демде ұмыт болды. Қарсы алдында жеміне түсердегі шабыттанған қыран кескінді әншінің аузынан ән емес түйдек-түйдек жалын шыққандай арбалып қалды.

Баласы Қошқарбайдың

Мұқан Төлебаев

және

Шашубаймын,
Болсам да үйде кедей,
түзде баймын.
Күніне жүзді беріп,
мыңды алсам да,
Қалтамның түбі тесік,
байымаймын.
Ақ қайың, жалған-ау,
салдым сайран,
Халықтың ортасында
жүрдім жайраң.

Сол Шашубай жарты жыл бойы театр құрамында өнер көрсетті. Цирк өнерін меңгерген атақты ақын бір ауылдан келесі ауылға аттанғанда аяғын көкке көтеріп, басымен жүріп жолды кес-кестеп көлікті тоқтататын. «Ел іші-алтын бесік» қой. Қай бағытқа бармасын аттылы-жаяулы алдарынан шұбап шығып, қарсы алып жатқан жұрт. Боз үй тігіледі, биіктеу жотаға сахна орналасады. Кілем, алаша, киіз төселген сахнаны айнала алқақотан отырып, өнерпаздың лебізіне құлай берілген көрермен. Көпшіліктің «Бәрекелді, жарайсың, тусаң ту» деген қошамет-құрметімен қанаттанған бұлар бірде күрсінтіп, бірде күлдіріп, аспандағы аққумен үн қосып, кең даланы жаңғыртып жататын.

Шашубай Қошқарбайұлы (1865-1952) бұрынғы Қарқаралы уезіне қарасты Балқаш болысында, «Сарышыған» деген жерде туған. Анасы Күнбала: «Атаң Жандабай сынды, аузынан жыры ақтарылған бұлбұл көмей ақын болар ма екенсің?» - деп армандайды екен. Ана арманының ақиқатқа айналғаны ғой. Шашубай он екі жасында сол маңдағы байлардың шашбауын көтеріп жүрген әлді бір ақынсымақ шалмен, он үшінде Жақай, Кенжебала сияқты осы елдің ақын қыздарымен айтысып, ел көзіне ерте түседі.

-Жез таңдай мен қазақтың

Шашубайы
Кіреді сөйлеп кетсем, сөз шырайы.
Жамбылмен үзеңгілес сұңғыламын
Саңылақ деп үкілеген ел шынайы,- деп, дүбірлетіп өткен Шашубай Қошқарбайұлы ән мен жырдың еркесі Біржан сал, Ақан сері, Шөже, Кемпірбай, Жаяу Мұса, Балуан Шолақ, Ғазиз, Мәди сынды ақындық, әншілік, орындаушылық яки синкретикалық өнердің иесі. Тіпті, орайы келгенде, айта кетейін, қазақ елінің көшпелі тетры, дала циркі, қазақ эпосының архиві болған өнерпаз деуге де әбден болады,-дейді белгілі әдебиет сыншысы Серік Негимов.

Шашубай өз заманының өнер қайраткерлерімен, даңқты, адамдармен араласып жүрген. Ол Жетісу елінде Майкөт, Жамбыл, Қуандық, Сарыбас тәрізді арынды ақындармен сөз бәйгесіне түскен, Шөжеге жолығып, онымен бірге қазақ, қырғыз елін аралады. Осы бір өнер сапарында, Шөженің айтуынан, оның Кемпірбай ақынмен айтысын жаттап алған. Қояндыда Біржан салмен кездесіп, одан мынандай бата алған:

«Арқада кім тумаған, өнер кернеп.

Сайрадың сырнайыңды
көкке сермеп.

Тартынба, талабыңды
тарықтырма,

Айта бер өрістетіп әннен өрнек»
Шашубай Шөже, Кемпірбай,

Біржан салдарды өзіне ұстаз тұтса, замандастары – Жамбыл, Әсет, Нұрпейіс, Ажар, Қақпан, Естай, Доскейдің де ықпалы аз болмаған. Нартай, Кенендер болса, өздерін Шашубайдың шәкіртіміз деп есептеген. Шыңғыс тауының етегінде Абайға жолығып, онымен бірге аң аулап, түлкі қуысады. Үш жыл бойы Балуан Шолақпен бірге болып, қалың елге өнер шашады. Құнанбайдың «түйе палуаны» атанған, Абаймен құлын-тайдай тебісіп бірге өскен. Байқұдамен біраз бірге болғаны тағы белгілі. Исі қазақ жұрты от ауызды, орақ тілді, сан қырлы, өнепазды «Алмас тілді Шашубай», «Жорға Шашубай», «Жүйрік Шашубай», «жыр думанның дио перісі» деп те атапты.

Еті тірі, санасы ерте ояңған Шашубай азулылыр мен тырнақтылардың да алдында да айылын жыйып, басын шұлғымағаны аңғарылады.

Би – қасқыр, бай – арам ас болды
залым,

Барыстай жазды болыс
тырнақтарын.

Қоян деп мені түріп жемекші едің,
Шықты ғой арыстан боп

алысқаның.

Немесе:

Жасым бар жетпіс бесте,
жылым барыс,

Азуым, бай дегенде, алты қарыс.
Жасымнан қас қылғанға

қас болдым да,
Бермедім адамшылық,

қолдан намыс.

Қазан төңкерісі Шашубай шығармашылығын жаңа бір белеске көтеріп, ақындық өнеріне кең өріс ашады. Ендігі жырлары асқақ қуат, кен серпінге ие бола түседі.

Мен жігіт көңілім шат, өмірім бақ,
Сөзім бал, тілім майда,

жырым бұлақ.

Осының барлығы үшін төңкеріске, Көп алғыс күнде айтудан тынбайды жақ – дейді ол.

Бұл ғасыр маған асқақ жыр да
берді,

Мәңгі өшпес жүрегіме нұр да берді.
Жасаған бақытының қазынасынан
Құшақтасам құшақ жетпес

сый да берді.

Жаңа үкімет тұсында халық таланттарын сақтауға, халық творчествосына жаңашырлақпен шұғыл көңіл бөлінді. Соның нәтижесінде, көптеген өнерпаздар тұсаудан босап, кеңестік дәуірдің жыршысына айналды. 1940 жылы, мамыр айында, жасының тоқсанға, шығармашылық еңбегінің жетпіс бес жылдығына орай, халық ақыны Доскей Әлімбаевтың юбилейі өтті. Сонда Шашубай тұлпар шабытқа мініп, жыр дүлдүліне бостандық таңын әкелген жаңа заманға былай деп сыр шерткен:

Шашубай ақын



Ертеде октябрьдің таңы қылаң,
Саңқылдап егіз туған екі қыран.
Ежелгі езген жауды талқан етіп,
Күн берген өшпес мәңгі саған, маған.
Сол күннің шуағымен сен де мен де,
Жасарып, қанаттанып кеттік дем-де - деп, ризалығын білдіреді.

1936 жылы Шашубай Алматыға шақырылады. Халық ішінен суырылып шыққан өнепаздардың бас қосуында Шашекең «Үш шыбық», «Тақия тайтаңы» ойындарын көрсетеді. Жамбыл, Орынбай, Доскейлермен кездеседі.

Қазақ халқының ғасырлар бойы жасаған мәдени – рухани байлығын емін-еркін игерген, халық жырының мұхитында өскен жел жетпес жүйрік халық әндері мен қисса дастандарды және толғауларды жатқа білген. «Тоты», «Қамбар батыр», «Ақтамберді», «Сұраншы Бөкей» дастандарын ел ішінде айтып жүрген. Сондай-ақ, Ақтанберді Сарыұлының «Күмбір – күмбір кісінетіп» өлеңін 1940 жылы Шашубай Қошқарбайұлының айтуынан Сәбит Мұқанов жазып алған екен. Шашубайдың «Майда қоңыр», «Ырғыма – сырғыма», «Мамық қызға», «Ақ қайың», «Сырлы қайың», «Жамалға», «Кербез кер» және тағы басқа өнедрі көпшілікке мәлім. Бұл әндерінде махаббат, өнер, табиғат туралы ой шертеді. Қай әнін болмасын, адам жанын шуаққа, мөлдір сезімге бөлеп айтады. Мәселен:

«Құс атып, аң аулаймын
Саршығаннан,
Ақтұйғын жігіт едім қаршыға алған.
Күніне отыз үйрек, он қаз алсам,
Емес ем төсін шоқып,
қан шығарған.

Қияға ұя салған қыран едім,
Аққудың төсіне ұйықтап
талшық алған».

Немесе, «Мамық қызға»:
«Қарағым, көңілім ашық
раушаннан,

Бетің аппақ жарқырап
атқан таңнан.
Дидарыңды бір көрсем
көңілім өсіп,

Еккен жеміс секілді миуланған.
Кәмшат бөрік шекеде
жырта қарыс,

Қолаң шаш аш беліне
алты оралған.
Дарияның ортасында сен бәйтерек
Мен бұлбұл бұтағына
сайрап қонған».

«... Көк ала түтінімен лапылдаған,
Жалыны жүрегімнің басын алған.
Сенің тілің секілді алуа – шекер,
Сорсам, алтын қасықтай
балға малған».

«... Жолым жіңішке жігітпін
жолбарыстай,
Аттасам айшылық жол
бір қарыстай».

Өнер пырағын ерттеп мінген
Шашубайдың ақындық, әншілік бол-мысы, өрнек – мәнері «Сырлы қайың» өлеңінде-ақ жарқырап көрінеді.

«Сегіз пұт, сексен қадақ бұл әнімді,
Салуы басқа ақынның қиынырақ».
– дегенінен дарынның өзіне деген үлкен сенімі байқалады. «Кедейлік» атты өлеңінде Шашубайдың өмірбаяны, бастан кешкені айтылады. Кейбір тұстарына көңіл қояйық:

«Екі арсыз қатар шыққан
ұйқы, тамақ,
Кедейлік ұстап алды
жүндей сабап.

Өнер, шіркін, өрлетіп жатқызбайды,
Домбыра ап өлең айттым,
қылып талап».

«...Талабым таудай туған
өнерлі едім,
Емін еркін еркіме жібермейді».

«...Қолда мал жоқ болғанмен,
көңілім бай,
Байлығым жомарттығым
Атымтайдай».

Бұл кезде ақын сөздері салмақты ой, сылқым сезім, сырлы күй, ірі мағына арқалап түрі мен мазмұны араласып, жымы, жігі бөлінбейтін, поэзиялық, сұлулыққа, нәрлілікке, көркемдік ою – нақыш пен байын, артистік, әншілік өнерін биік бағалай отырып, оның өлеңдерінен «әрбір дыбысына дейін түбіттен бе, қауырсыннан ба жаралғандай, жел-жеңіл, мөп-мөлдір» деп жазады. (Тәжібаев Ә. Жылдар, ойлар, Алматы. 1976. 221 бет).

Қазақ даласындағы жәрмеңкелер халық ішінен суырылып шыққан өнерпаздардың ойын-сауығының куәсі болғаны баршаға мәлім.

Сол жиындар Шашубай творчествосына да кен өріс болғаны ақиқат.

Ол айтыс ақыны, композитор, әнші, сырнайшы, жонглерлік-клоуындық өнердің де иесі, халық ақындары шығармаларын асқан ептілікпен орындайтын шебер де болған. Айталық, басындағы тақиясын көз ілестірмей маңдайына секірітіп не желкесіне әкеліп ойнатады екен. Төбесімен жүргенде аяқтыдан кем соқпаған көрінеді. Доңғалаққа ұқсап, дөңгеленгенде; таяқтың ұшына таяқ қойып, дөңгелеткенде, аттың үстінде төбесімен шаншылып тұрып шапқанда, құрықты бес саусағына кезек қондырып, қарынына дейін жеткізгенде алдына қойылған түрлі ыдыс-аяқ, тағамдардың еш біріне қол-аяғын тигізбей дастархан бетінде қоянша жорғалағанда, «Мынау дию ма, пері ме», - деп жұрт қайран қалысады екен.

Шашубайдың ғажайып өнері мен ұшқындарын С. Бегалиннің, С. Мұқановтың, Ә.Тәжібаевтің, Е.Ысмайыловтың, Д.Әбілөвтің, К.Дәукеновтың, Ә.Хангелдиннің, Қ.Әбдікәдіровтың, С.Сейітовтың, Е.Тұрсыновтың еңбектерінен көреміз.

«Мен бұл ойын өнерін Кемпірбай ақыннан, бертін кезде, Балуан Шолақтан үйренген едім. Кемпірбай тамаша ойыншы еді. Оның бір ауылға келген ізін де, кеткен ізін де көре алмайтын едік. Аяғына сырық байлап жортқанда бір түнде бірнеше көш жер жорытатын. Іңірде бірге қонып отырған Кемпірбайдың жиырма-отыз шақырым жердегі ауылдан, ертеңінде, шай ішіп отырғанын көретін едік», - дейді Шашубай (Ы.Дүйсенбаев, Ш.Құсайынов. қазақтың ауыз әдебиеті және халық ойындарындағы теарт – драмалық элементтер. - «Қазақ ССР Ғылым академиясының хабаршысы, 1948, №4, 74 -бет) Иә, сан қырлы өнердің басын қосқан Шашубай ұлан – байтақ қазақ даласында жалқы тұлға емес. Халық арасында мұндай өнерпаздар аса мол.

Шашубай творчествосының тағы бір елеулі жағы – оның айтыстары. Ол Көшен Елеуовпен (1943) және Болман Қожабаевпен (1944) айтысты. Онда ақын туған жер тереңінде тұнып жатқан қазына – байлықты тебірене жырлайды. Мысалы, Көшен Елеуовпен айтысында мынандай жолдар бар:

Жерім бар көз жеткісіз
кен шалқыған,
Дүние таңырқаған зор даңқынан.
Көпіртіп, көк теңіздің көбігіндей
Сол жерден мың-мың тонна
мыс қалқыған.

Немесе:
«Ернеуі, қанша алса да,
кемімейтін,
Елімнің шығыстағы қазанымын».
Немесе:
«Дүниеде екі алыптың біреуі – мен,
Басқасы астар түгіл болмайды
әдіп».

Шашубай 1909 жылы Жамбылмен, 1923 жылы Жетісудің Қуандық ақынымен айтысқан. Қуандықпен айтысының түзу, жүйелі нұсқасы қалмаған. Сондықтан оны жинаққа кіргізе алмаған.

«Шашубай мен Қасқырдың айтысында» Шашубай өзін қасқырмен сөз бәсекесіне түсіреді. Бұл – мысал айтыстың аса бір тамаша, шебер, көркем үлгісі. «Бұл айтыста Шашубай ел малына ескілікті обырлық мінезбен қасқырдай шауып жүрген бай-қулақты да мұқатады... Кеңес мүлкіне жасырынып жүріп зиян етушілерді күлкі етіп, сынға алады. Халықтық мысқыл ретінде ақын өзі де тыңдаушыға әзіл етіп, әжуалай көрсетеді. Кеңестік мазмұн кірген айтыстың түр жағындағы орны – ерекше мысалы осы Шашубай айтысы деуге болады», - дейді Мұхтар Әуезов (Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том, 2-ші кітап Алматы 1964, 197-бет).

Халық ақындары ұлы отан соғысы жылдарында өзінің отты жырларымен елі мен ерін қанаттандырып отырды. Шашубай да:

Айбатынан ай бұққан,
Айдынды алып еріміз.
Қайраттанса тау жыққан,
Батырлардың еліміз.
Тұяғы бүтін тұлпармыз,
Қанаты бүтін сұңқармыз.
Шын асылдан тегіміз
Ерегіскен дұшпанның,
Құдіреті - өзіміз – деп, шиыршық атты.

Ол Балқаш мыс заводының жұмысшыларымен, әсіресе, жас жұмысшыларымен жиі кездесті. Олардың алдында жыр толғады, ән шырқады, айтысқа түсті.

Сол кездегі «Балқаш жұмысшысы» газетінің редакторы Т.Ахметовтың 1943 жылы жиырма сегізінші март

күні Сәбит Мұқановқа жазған хатында «Шашекең Қоңырат ауданына барып, жазғы егіс науқанын көзбен көрмекші», -деп хабарлаған.

Ақын өлеңдері кезінде мерзімді баспасөз беттерінде, жалпы жинақтарда жарияланып отырды. 1942 жылы Сағынғали Сейітовтың құрастыруымен «Сөйле, Шашеке!» атты жинағы шықты. Әбділда Тәжібаевтің естелігі мен Жаппар Өмірбековтың «Шашубай» поэмасы әйгілі ақын жайлы біраз сыр шертеді.

Кеңес кезіндегі билік Шашубай Қошқарбаевтың шығармашылығын дер кезінде бағалап, оған «Қазақ ССР-ның өнеріне еңбегі сіңген қайраткері» (1941) деген құрметті атағын берді. «Құрмет белгісі» орденімен (1945) марапатталды. Замандас Доскей Өлімбаев айтқандай, халыққа әнмен өріп, сөз таратқан Шашубай шығармасы толқын-толқын буындардың рухани-эстетикалық нәр алар асыл мұрасы болып қала береді.

Мұқан Төлебаев құрған Жұмысшы-жастар театрында жас өнерпаздарға үлгі-өнеге көрсеткен, шығармашылығы осы мақалаға арқау болған атақты Шашубай ақынның жарқын ізі осылайша Бөрлітөбе өңірінде қалғаны анық.

Ел жадында жалындаған
жас дарын,
Жүрді ауданда басын қосып
жастардың.
"Өнерпаздар театры" атанды,
Додаға әкеп кілең жүйрік қосқаны.

Кілең дүлдүл бәйгеге әкеп қосқаны,
Өнерлі ерді қолпаштайды
достары,
Қошқарбайдың Шашубайы,
жампозы,
Сайқымазақ Қатшыбайдың
Оспаны.

Қадауы бар, Жәмиғасы тағы бар,
Тізе берсең талай саңлақ табылар.
Отызыншы жылғы отты жандарды,
Көзкөргендер әлі күнге сағынар.

Талантты ердің алдында сан
сын тұрды,
Ұзақ жолда мың жығылып,
мың тұрды.
Алматы асып, Мәскеу барды -
ізденді,
Қиындықты жеңді, алға ұмтылды.

Оңай болды деп кім айтар өмірі,
Тағдыр сыйы - кіл мықтылар серігі.
Серке, Елубай, Құрманбектей
жайсаңдар,
"Алтын сандық жақсылардың
көңілі".

Күләш, Шара - өнердің
қос гүліндей,
Қанабек бар егізінің біріндей.
Композитор Байқадамов құрдасы,
Жүретұғын ортасында күлімдей.

Ахаң марқұм саз өнердің білгірі,
Қалибек, Шәкен бірі аға, бірі іні.
Латиф, Мәжит достар еді
ең жақын,
Мазмұнды еді бір күнінен бір күні.

Ән боп туып, өлең болып өрілген,
Жарық жұлдыз ағып өтті-ау
көгімнен,
Туған елдің қалаулысы болған-ды,
Түспей кетті осы биік сенімнен.
Есімі ел есінде жүретін өнер көгінің
жұлдыздары жайында әлі де есті
естеліктер айтыла бермегі хақ.



Ризық-несібесін маңдай терімен тапқан

Қыс – қатал сыншы болса, мал қыстату – маңызды науқан. Сондықтан ауданның барлық аймағында жем-шөп қоры жеткілікті дайындалып, қора-жайлар жөндеуден өткізілді. Дегенмен, сынағы көп мұндай қыста шаруаға ұқыпты қарау ғана өз нәтижесін беретіні анық.

Қазір күздің соңғы айы. Қыс мезгілі келе жатқанын ызғарлы қара суықтан-ақ сезгендейміз. Күні ертең қаһарына мінетін «көрі құданың» төбе көрсетері көміл.

Осы ретте шаруалардың жауапты кезең мал қыстатуға дайындығын білу мақсатында Екіаша ауылдық округіндегі «Абишев Т.Б.» шаруа қожалығының жетекшісі Шолпан Смағұловамен әңгімелескен едік. Шолпан Базартайқызының айтуынша бауыры Тілеухан Абишев колхоз кезінде бас инженер болған. Жекешелендіру науқаны басталғанда 1999 жылы осы шаруашылықты құрып, өз ісін жүргізген. 2005 жылы Тілеухан қайтыс болғаннан кейін жиналыс ашылып, шаруашылыққа өзі төраға болып сайланған. 2006 жылдың сәуір айынан бастап қожалықтың басы-қасында өзі жүр. Шолпан апай медициналық училищені бітіргеннен кейін 25 жыл ауыл емханасында балалар фельдшері

болып қызмет атқарған.

Бұл қожалықтың 648 гектар алқабының 224 гектары жайылым, 143 гектары шабындық, сонымен қатар 281 гектар тәлімі егістік жері бар. Шаруашылық негізінен өсімдік бағытына бейімделген. Жермен айналысады, нақтылап айтқанда бидай мен арпа себеді. Атакәсіппен, яғни мал шаруашылығымен 2013 жылы «Сыбаға» бағдарламасы шыққаннан кейін айналыса бастаған. «Кең дала» бағдарламасымен 5 пайыздық несие алып, Әулікөл тұқымды бұқамен басталған кәсіп қазіргі таңда геренфорд тұқымды 100 бас Зеңгі баба түлігімен жалғасуда. Жоспарда мал басын көбейтіп бордақылау ісімен айналысу тұр. 8 жұмысшы қызмет атқаратын шаруашылық 20 гектар алқапқа жоңышқа сеуіп, қолдағы малдың қыстан қысылмай шығуына қам жасауда. Өңірдегі барлық қожалықтың қарамағындағы малдарының қоңы жақсы. Қазіргі таңда төрт түлік малдан ризық-несібесін терген аудан шаруалары қыс қаһарын жеңу үшін ұйымшылдықпен еңбек етуде.



•Бал шаруашылығы

Сарқан ауданының еңбекқор тұрғындарының арасында ауыл шаруашылығының түрлі саласында табысты еңбек етіп жүрген азаматтар аз емес. Солардың бірі қала тұрғыны – Михаил Сюра, ол бірнеше жылдан бері нақты айтқанда он бес жылдан бері бал шаруашылығымен айналысып, табиғи таза өнім өндіру ісін жолға қойған.

Тұтынушылар талғамына сай

Кәсіпкер өз иелігіндегі омартасын ұлғайтып, ара тұқымын көбейту бағытында жүйелі жұмыс жүргізуде. Бүгінде оның шаруашылығында жүздеген ара ұясы бар.

Алынған өнім сапасы жоғары, экологиялық тұрғыдан таза әрі тұтынушылар тарапынан үлкен сұранысқа ие.

– Біздің Жетісу өлкесінің табиғаты қандай ғажап, аралар қонатын түрлі шөптер мен тозандарға бай, біздің кәсіпте ерінбей еңбек етсең нәсіп мол болады. Алдағы мақсат – тұрғындарға табиғи, сапалы бал ұсыну. Ара шаруашылығы – ұқыптылық пен төзімділікті қажет ететін кәсіп. Сол мақсатта биылдың өзінде Екіаша ауылынан бастап Аманбектер ауылының аралығында 3 рет көшіп-қонып жүрдік, – дейді кәсіпкер.

Атап өтетін жәйт биыл омарташы қолға алған ісін кеңейтетін түрлі бағдарламалар туралы естіп, мемлекет тарапынан қайтарымсыз грантқа ие болды. Михаил Николайұлының айтуынша болашақта табиғи таза өнімді шетелге шығарып, экспорт әлеуетін арттыру жоспарда бар. Қазіргі таңда арнайы дүңгіршекте тұрған балдың 8 түрі тұтынушылардың талғамынан шығуда.

Омарташының ойға түйген ұсыныстары да көңілге қонымды. Ең бастысы мемлекет тарапынан өндірілген өнімді өткізу мәселесі ұйымдастырылса жақсы болар еді. Себебі бал өндірушілерде екі мәселе болады оның біріншісі балды шайқау болса, екіншісі оны өткізу. ауыр еңбекпен келген өнімді арзан бағаға беру де қисынсыз. Сол себепті арнайы министрлік немесе ұйым дайын өнімді лайықты бағаға өткізу механизмдерін қарастырса құба-құп болар еді. Өңір экономикасының дамуына өз үлесін қосып келе жатқан Михаил замандасымыздың ұсынысы қолдау тапса игі.



Қазақ халқының ерекше қадір тұтатын жануарының бірі де бірегейі – жылқы. Оны ең алғаш қолға үйреткен де қазақ. Халқымыздың қазақы болмысын айқындайтын құндылық және ежелгі көшпелі халық болғанымызды білдіретін басты нышан – қазақ жылқысы. Саялы Сарқан ауданында асыл тұқымды жылқы шаруашылығын дамытып отырған «Арлан» шаруа қожалығы — бүгінде көпке үлгі болып отырған шаруашылықтардың бірі. Қожалық иесі Қайрат Бершімбеков ағамыз мал өсірудің жайын жақсы біледі. Жасы ұлғайғандықтан, шаруақор жан мүйізді ірі қарадан көрі, жылқы баптағанды құп көреді.

-Қазақ малсыз өмір сүре алмайды, оның ішінде әсіресе жылқысыз. Жылқы - ер қанаты. Жылқының басты қасиеті сол – туған жері мен жүрген жерін ешқашан ұмытпайды. Көзі күндіз-түні бірдей көретіндіктен, түнде төңірегін жұлдызға қарап бағамдайды, әрі айналасын түгелдей бақылай алады. Аңқасы кеуіп, шөлдеп тұрса да лай су ішпейді. Тіпті ағын судың өзін кешіп жүріп, тұмсығын суға батырып барып, тұнық жерінен таңдап ішеді. Осы қасиеттеріне бола өзім төрт түліктің ішінде жылқы малын жақсы көремін. Осы себепті осы шаруашылықты мықтап қолға алып жатырмын. Қазір шаруашылықта барлығы 500 бастай жылқы бар. өзім қазір көбінесе селекциямен айналысамын. Менің жылқыларымның барлығы асыл тұқымды. Бәйгеге шауып, көкпарға түсетін 30 бастай жылқы бөлек қорада бағылады,-дейді Қайрат ағамыз. - Селекциямен түбегейлі айналысып жүргеннен кейін Алматының профессорларымен кеңесіп болашақта жылқының жаңа тұқымын шығарғым келеді. Жылқы өте қасиетті мал ғой, оған жететін мал жоқ.

Шаруашылықтағы малға бас-көз болып жүрген Балтабек Оразбековтың айтуынша қораның ішінде тұрған 100-ден аса бас жылқы бір күнде 500 келі шөп жеп қояды. Бидай мен арпа, жоңышқа араластырып берген соң жұнттай боп семірген қонды малға сүйсінбей қарай алмайсыз.

Қазақтың сән-салтанатының көркі де – жылқы. «Жексең - көлік, мінсең – ат, ішсең - қымыз» (І. Жансүгіров) осындай текті малды өрбітіп, тұқымын көбейтіп отырған шаруақор азаматтардың қарасы көбейсе құба-құп.

Табиғи жағдайға бейім дақыл

Сарқандық шаруалар қант қызылшасын жинауды аяқтап қалды. Биыл Сарқан қаласы бойынша 147 шаруа қожалығы егін шаруашылығымен айналысты. Соның ішінде 8 шаруа қожалығы қант қызылшасын өсіруге ден қойып, жалпы 585 гектар жерге төтті түбір дақылын еккен болатын. Бүгінгі таңда шаруалар өнімнің жартысынан астамын “Ақсу қант” зауытына өткізді. Зауыттың мәліметінше, осы күнге дейін Сарқан қаласы бойынша 9315 тоннаға жуық қант қызылшасы қабылданған.

Жалпы биылғы жылдың ауа райы мен топырақ жағдайы қант қызылшасының жақсы өнім беруіне оң әсерін тигізді. Шаруалар өз еңбектерінің жемісін көріп, маусымдық жұмыстарын аяқтауға жақын. Өнімді тасымалдау жұмыстарына 38 жүк көлігі тартылып, тәулік бойы жұмыс атқаруда. Шаруалардың айтуынша, күз айларында ауа райы егін жинауға қолайлы болғанымен, қараша айының басынан бастап күн суыта бастаған. Осыған байланысты шаруалар қант қызылшасын қар түспей тұрып толық жинап алу үшін тынымсыз еңбек етуде. Қазіргі таңда

қала аумағында қазылмаған қант қызылшасының көлемі небәрі 60 гектар ғана қалды. Қалған шаруалар өз өнімдерін толық қазып, бұрттарға (сақтау орындарына) жинап қойған.

Сонымен қатар, қала аумағындағы шаруалар күздік бидай себу жұмыстарын да толық аяқтады. Қала әкімдігінің бас маманы Тілеухан Әскербектің сөзінше биыл 22 шаруа қожалық жалпы 1194 гектар егістік алқапқа күздік бидай еккен. Ауыл шаруашылығы мамандарының айтуынша, «стекловидный» сорты Сарқан өңірінің табиғи жағдайына бейім, өнімділігі жоғары болғандықтан шаруалар дәл осы сортты таңдаған.

Қант қызылшасын жинау мен күздік бидай себу науқандарының сәтті аяқталуы – сарқандық диқандардың еңбексүйгіштігі мен табиғатқа бейімделе еңбек етуінің айқын көрінісі. Жер мен елдің қасиетін еңбекпен жинаған жандар маңдай терінің өтеуін көріп келе жатқандығын қанағат тұтады. Себебі еңбек – абыройдың бастауы, өмірдің мәні.

Қыстан қысылмау үшін қамдануда

Шаруалар үшін жылдың төрт мезгілі де қарбалас. Әсіресе мал шаруашылығымен айналысатын қожалықтар жыл он екі ай тыным таппайды. Мал қыстату науқанына тыңғылықты дайындалған жеке шаруашылық құрылымдары мал басын қыстан аман шығару үшін төрт түліктің азығын қамдады, мал қоралары мен малшылар үйін жөндеп, ретке келтірді.

Аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің мәліметінше 2025-2026 жылғы мал қыстату науқанына өңір бойынша барлық санаттағы шаруашылықтарда 19 982 мың бас мүйізді ірі қара, 45 228 мың бас уақ мал, 11 242 мың бас жылқы және 549 бас түйе түскен. Мал қыстатуға дайындық шаралары барысында егістік алқаптар мен табиғи шабындықтардан 188 007 тонна шөп дайындалып, жоспар 144 пайыз орындалыпты. Атап айтқанда 41 500 тонна сабан, 11 400 тонна пішендеме, 16 000 тонна сүрлем дайындалғаны мал азығының кейбір түрлерінен жоспар 100 пайыздан жоғары орындалғаны дала еңбеккерлерінің алдағы қатал сыннан сыр бермей өтеріне сендіреді.

Қолдағы мал 144 мал қыстату орындарында орналасқан. Дайындалған шөптің негізгі бөлігі мал қыстауларына уақтылы жеткізілуде. Өңірде мал қыстату науқанын ойдағыдай өткізуге байла-

нысты ағымдағы жылғы 16 қыркүйек күні аудан әкімінің №68-ө өкімімен мал қыстауының жай-күйін анықтауға байланысты жұмысшы тобы құрылған. Оған аудан әкімінің ауыл шаруашылығына жауапты орынбасары басшылық етеді. Штаб құрамына ауыл шаруашылығы саласына жауапты тұлғалар енген.

Алмалы ауылындағы іргелі шаруашылықтың бірі болып саналатын «Ерғалиев» қожалығының басшысы Қайрат Серікқанұлы ырыс-несібенің бәрі малда екендігін ерте ұққан жанның бірі. Содан да болар, мал шаруашылығына құмартып өсті. Қазіргі таңда шаруашылық қолда бар малдың қыстан қысылмай шығуына дайындықты бастап кеткен. Тал-тал бөлімшесіндегі негізінен ірі қарадан тұратын малдың көктемнің көкөзек шағына дейін жетерлік азығы бар екен. Атап айтқанда 3 мың тонна рулон шөп, 30 тонна жем дайындалып, көрі құда қыстан қысылмай шығуға қам-қаракет жасалған.

Мал қыстату — ауыл шаруашылығындағы маңызды науқан. Ол алдағы көктемдегі мал басының өсіміне және өнімділікке тікелей әсер етеді. Сондықтан шаруа қожалықтары бұл кезеңге барынша жауапкершілікпен қарап, дайындықты күшейтіп жатыр.

Тарихы терең Екіаша

Покатиловка ауылдық жұмысшы, шаруа және қызылөскер депутаттарының Кеңесі 1930 жылы сәуір айында құрылды. Сол жылдары, Покатиловка ауылдық Кеңесінің аумағында «Ворошилов» атындағы колхоз құрылды, кейіннен «Семиречье» колхозы болып атауы өзгеріп, 1997 жылы колхоз таралды.

1939 жылы 5 желтоқсанында Покатиловка ауылдық Кеңесі еңбекшілер депутаттарының және оның атқару комитеті болып ауысты.

Қаз. ССР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен 1954 жылы 3 тамызда Бірлікші және Покатиловка ауылдық Кеңестері бірігіп – Покатиловка ауылдық Кеңесіне айналып, орталығы Покатиловка ауылы болды.

1977 жылы 7 қазаннан бастап Покатиловка ауылдық Кеңесі халықтық депутаттарының және оның атқару комитеті деп аталды.

1992 жылы 1 ақпанда Покатиловка ауылдық Кеңесінің халықтық депутаттары болып өзгертілді.

1992 жылы 10 қыркүйекте Талдықорған облыстық Кеңесінің қаулысымен Покатиловка ауылдық Кеңесі Екіаша ауылдық Кеңесі болып атауы өзгертіліп, Екіаша ауылы болып аталды.

1993 жылы 31 қарашада Екіаша ауылдық әкімшілігі болып атауы өзгертілді.

1994 жылы мамыр айынан бастап Екіаша ауылдық округінің аппараты болып қайта атауы өзгертілді.

1996 жылы 20 қарашада облыстық Мәслихат пен Талдықорған облыстық Кеңесінің бірлескен шешімімен То-

полевка ауылдық округі қысқартылып, аумағы Екіаша ауылдық округінің құрамына қосылды.

Бастапқы кезеңде, атқару комитеті өзінің тәжірибе қызметінде Қазақ КСРО-ның Заңы «Қазақ КСРО еңбекшілер депутаттарының ауылдық, поселкелік Кеңесі туралы» жоғары тұрған партия және кеңес органдарының дерективті нұсқауларын басшылыққа алады.

Осы саланың негізгі қызметтері: ауылдағы мәдени, саяси және экономикалық дамуды басқару, жергілікті бюджетті құру және атқару, халыққа білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру, сауда және еңбекшілерге мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету мекемелеріне басшылық жасау болып табылады. Депутаттардың, тұрақты комиссиялардың және халықтың қоғамдық-өнерпаздар ұйымдарының жұмысына басшылықты қамтамасыз етеді, олардың күш-жігерін сайлаушылардың тапсырмаларын орындауға бағыттайды. Мемлекеттік құқық тәртібін және азаматтардың құқықтарын қорғауды, Қазақ КСР Үкіметінің заңдарын сақтауды, жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуді, оларды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

«Жетісу облысы Мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Сарқан филиалында Покатиловка ауылдық Кеңесінің құжаттары 1943 жылдан бастап ғылыми-техникалық өңдеуден өткен келесідей құжаттары сақталуда: олар – әкімнің шешімдері, тұрғындар жиналысының хаттамалары, штаттық кестелер мен смета шығындары, статистикалық және бюджеттің атқарылуы туралы

жылдық есептері, округтік сайлау комиссияларының материалдары, шаруашылық кітаптар т.с.с.

Қазіргі таңда Екіаша округінде бірнеше шаруа қожалықтар ұжымдары бар. Орта мектеп және балабақша, мәдениет үйі, фельдшер-акушерлік пункті бар. Ең алғашқы бастауыш мектеп 1913 жылы құрылған. 7 жылдық Покатиловка мектебі 1927 жылы ашылды. 1966 жылдан бастап қазіргі таңға дейін 10 жылдық Покатиловка орта мектебі жүргізілуде.

Далада туып өсіп, өмірін кең байтақ далаға арнаған адам қалай болғанда да ерекше келеді. Тек жазық дала емес, ұшы қиырсыз таулар мен ақ қар басып жатқан шыңырау шыңдарда өмір сүрген адам баласы – табиғаттың бел баласы. Таулардың әр тасы мен сай-саласы жан-дүниеге таныс құбылыс. Осы алып та биік таулардың арасында еркелей күлімсіреп тұрған ауыл – Екіаша болып табылады. Сол өңірде елге танымал өнер және кино әлемінің майталманы Құман Нұрмағанұлы Тастанбеков 1945 жылы 10 наурызда дүниеге келген. Ол – актер, театр сахнасында жарты ғасырға жуық қазақ классиктерінің шығармаларындағы негізгі рөлдерді, тарихи тұлғаларды сомдап, қазақ өнер саласында жарқын бейнесімен ұмытылмайтындай із қалдырған табиғаты ерекше тұлға.

Н.БОКУШБАЕВА,
«Жетісу облысының
мемлекеттік архиві» КММ Сарқан
филиалының архивісі.

Профессия «Государственный инспектор лесной охраны»

Со школьного возраста я проявлял большой интерес к природе, участвовал во всех мероприятиях проводимые на природе, в открытой местности, старался больше времени находится на природе. И вот перейдя в выпускной класс, я начал задумываться о поступлении в университет и правильном выборе моей будущей профессии. Окончив школу я поступил в университет, и по сколько я очень любил большее время проводить на природе, мной было принято решение поступить на лесной факультет. Окончив университет я устроился на работу в государственный национальный природный парк по специальности «государственный инспектор лесной охраны». Выбор данной профессии для меня не просто работа, это призвание и важная можно сказать миссия по сохранению природы для будущих поколений. Основными моими обязанностями являлось охрана и благополучие закрепленного за мной инспекторского обхода, это патрулирование, борьба с лесными пожарами, информирование местного населения и посетителей мне вверенной территории о правилах поведения в лесу и важности бережного отношения к природе. Работа государственного инспектора это нелегкий труд и данный проделанный труд виден не сразу. К примеру посаженные сегодня саженцы превратятся в полноценный лес лишь через десятки лет. Профессия государственного инспектора лесной охраны это залог сохранения «зеленых легких планеты».

К.ЕРБАЕВ,
государственный инспектор
Сарканского филиала Басканского
лесничества.

Таулы өлкедегі тылсым құс – Қара дегелек

«Жоңғар-Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің ну ормандары мен адам аяғы сирек баратын сай-салаларында ерекше құс мекендейді. Ол – Қара дегелек (*Ciconia nigra*). Ақ дегелекке қарағанда, бұл құс өте сақ келеді, адамға көп көрінбейді, сондықтан оны кездестіру – нағыз сирек оқиға.

Қара дегелек Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген. Біздің елде бұл құстың саны аз болғандықтан, әрбір тіркелген дарасы орнитологтар мен парк инспекторлары үшін үлкен маңызға ие.

Ұлттық паркімізде қара дегелекке қолайлы табиғи жағдайлар сақталған: өзен-сулы шатқалдар, биік ормандар мен жартасты өңірлер. Құс өз ұясын көбіне еңселі ағаштарға немесе жартастардың биік қуыстарына салады.

Негізгі қорегі – балық, бақа және түрлі жәндіктер. Парктің өзендері мен бұлақтары бұл тұрғыдан құсқа мол азық береді. Сондықтан Жоңғар Алатауы табиғи паркі – қара дегелек үшін сенімді мекен.

Ұлттық парк қызметкерлері 2024 жылы құстың санын бақылап, фенологиялық деректерді тіркеп, оның тіршілік ортасын қорғау бағытында жұмыс жүргізуі кезінде 36 бас мекендейтінін анықтады. Олар Лепсі, Тентек-1, Үлкен Жалаңаш, Теректі өзендерінің жағалауларында кездеседі. Қара дегелек сияқты сирек түрлерді сақтау тек Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлем үшін маңызды. Өйткені олардың жоғалуы экологиялық тепе-теңдікті бұзады.

Қара дегелек – жабайы табиғаттың символы. Ол бізге табиғатты аялаудың қаншалықты қажет екенін еске салады. «Жоңғар-Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі – осы тылсым құстың өлі күнге дейін еркін ұшып жүрген қасиетті мекені.

Н. МУХАНОВ,
«Жоңғар-Алатауы» МҰТП аға
ғылыми қызметкері.



«Таза Қазақстан» акциясы – табиғатты қорғауға бағытталған ортақ қадам

Қазақстанда жыл сайын өткізіліп келе жатқан «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясының негізгі мақсаты – азаматтардың табиғатқа деген жауапкершілігін арттыру, қоршаған ортаны қорғау және елді мекендер мен табиғи аумақтарды абаттандыру. Акция қоғамның экологиялық мәдениетін көтеріп, табиғатты сақтау жолындағы ортақ бастамаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

«Жоңғар-Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» де аталған бастаманы қолдай отырып, парк аумағында және аудан көлемінде кең экологиялық сенбіліктер ұйымдастырып қана қоймай, сонымен қатар мектептерде, ұйымдар мен мекемелерде экологиялық тәрбие сағаттары, жас ұрпаққа арналған табиғатты қорғау тақырыбында танымдық іс-шаралар өткізіледі.

«Таза Қазақстан» акциясының ерекшелігі — ол тек бір күндік сенбілік емес, экологиялық өмір салтын қалыптастыруға бағытталған ұзақ мерзімді қозғалыс. Бұл бастама арқылы табиғатты қорғау тек мемлекеттік мекемелердің емес, барша қоғамның ортақ міндеті екені айқын көрінеді. Мұндай шаралардың экологиялық тәрбиелік мәні зор. Ол жастардың табиғатқа деген

сүйіспеншілігін оятып, қоршаған ортаға жанашырлықпен қарауға үйретеді. Экологияны сақтау – бүгінгі іс емес, болашақ ұрпақ алдындағы үлкен жауапкершілік.

Қорытындылай келе, «Таза Қазақстан» акциясы – экологиялық сананы қалыптастыруға, табиғи ресурстарды ұқыпты пайдалануға және туған жерге деген сүйіспеншілікті арттыруға бағытталған маңызды қадам. Әр адам табиғатты қорғауға өз үлесін қосса – еліміз таза, экологиялық қауіпсіз және өмір сүруге жайлы болады.

А.ШАТЫРБАЕВА,
«Жоңғар -Алатауы» МҰТП РММ
экологиялық ағарту инженері.

●Жүсіп Баласағұн – 1005 жыл

Ақын, ойшыл, ғалым, мемлекет қайраткері

Философия, математика, медицина, астрономия, астрология, өнертану, әдебиеттану, тіл білімі, тағы басқа ғылым салаларының дамуына зор үлес қосқан. Жүсіп Баласағұнның есімі әлемдік әдебиет пен мәдениет тарихында «Құтадғу білік» («Құтты білік») дастаны арқылы қалды. Жүсіп Баласағұн бұл дастанын хижра есебімен 462 жылы, қазіргі жыл санау бойынша 1070 жылда жазып бітірген. Дастанды «хандардың ханы» — Қарахандар әулеті мемлекетінің (942 - 1210) негізін салушы Сүлеймен Арслан ханға (908-955) тарту етеді. Сол үшін хан өз жарлығымен Жүсіп Баласағұнға «хас хажиб» — «бас уәзір» немесе «ұлы кеңесші» деген лауазым берген.

«Құтты білік» дастаны орта ғасырларда бүкіл түркі әлеміне түсінікті болған Қарахан әулеті мемлекеті түріктерінің тілінде жазылған. Жүсіп Баласағұн «Құтты білікті» 1069-1070 жылдары Баласағұн қаласында бастап, он сегіз айдың ішінде Қашқар қаласында аяқтаған. Кезінде «Құтты білік» дастаны Шығыстың әр елінде әр түрлі аталып кеткен. Бір елде – «Айнак ул-мамлакат» («Мемлекет тәртібі»), екіншісінде – «Панунаман мулук» («Әкімдерге насихат»), үшіншісінде – «Адаб ул-мулук» («Әкімдердің әдептілігі») деген атпен мәлім. Бұл атаулардың бәрі – «Құтты білік» дастаны, негізінен, мемлекетті басқару мәселесіне арналған шығарма екенін растай түседі. Дастанның басты идеясы төрт принципке негізделген. Біріншісі, мемлекетті дұрыс басқару үшін қара қылды қақ жаратындай әділ заңның болуы. Автор әділдіктің символдық бейнесі ретінде Күнтуды

патшаны көрсетеді. Екіншісі, бақ-дәулет, яғни елге құт қонсын деген тілек. Бақ-дәулет мәселесі патшаның уәзірі Айтолды бейнесі арқылы жырға қосылған. Үшіншісі, ақыл-парасат. Ақыл-парасаттың қоғамдық-әлеуметтік рөлі уәзірдің баласы Ұғдүлмеш бейнесінде жырланады. Төртіншісі, қанағат-ынсап мәселесі. Бұл мәселе дастанда уәзірдің туысы, дәруіш Ордгүрміш бейнесі арқылы әңгіме болады. Ортағасырлық Шығыс ойшылдарына тән үйлесім – танымды көркем және ғылыми әдістермен ұштастыра қолдану Жүсіп Баласағұнның ғибратында суреткерлік, ойшылдық, ғұламалық, философиялық қасиеттердің үйлесім табуынан, ғылым даналығының біртұтастығынан көрінеді. Түркі мәдениетінің нәрлі бұлағынан сусындап, мұсылман өркениетінің қуатты ықпалымен толысқан ойшыл өз шығармасында адамның қоғамдағы орны мен қызметін түсінуге ұмтылып, мінсіз қоғам жайындағы өзінің биік филос. мұраттарын баяндайды. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігінде» өмір мәні пайымдалып, жалпыадамзаттық рухани байлықтар — мұрат, дін, этика, өнер және даналықтың мәні сараланған. Жүсіп Баласағұн ақиқатқа жету жолын адам мен әлемнің, ұлы ғалам мен микроғаламның үйлесімді болуы туралы қағидаға негіздейді. Төрт құдірет — от, су, ауа, жер жайлы ежелгі дәуірдің философиялық түсінігіне сүйене отырып, ойшыл әлем осы төрттағанның үйлесімінен жаралған деп санайды. Жүсіп Баласағұн жалпыға ортақ парасаттың танымның нәтижесі ретіндегі білімге көшуі адам мүмкіндігінің жүзеге асуы деп біледі. Ғұлама білімнің туа бітетіндігі жайлы пікірге қарсы шығып, оған парасатты



іс-әрекеттің нәтижесінде қол жеткізуге болатынына сенеді. Білімге молынан сусындаған адам ғана көп нәрсеге қол жеткізе алады. Оның пікірінше, білім – даналық, денсаулық және жан толысуы. Жүсіп Баласағұнның ойынша, қоғам құрылымындағы кемелдіктің өлшемі әлеум. тәртіп бұзылғанда ғана көзге түсе бастайды. Сол кезде жаңа мұраттар мен ұрандар пайда болып, халық қолдауына ие болады. Ол қоғамдық құрылымның кемелдігін жеке адамның бостандығы, тәуелсіздігі анықтайды деп санады. Жүсіп Баласағұн өзінің әлеуметтік философиясында қоғамдағы кемелдіктің негіздері мен іс жүзіндегі көріністерін өзара тығыз байланыста қарастырады. Танымдағы кемелдік — білік, оның іс жүзіндегі көрінісі — укуш деп біледі ол. «Құтты біліктің» негізгі айтар ойы – адамның адами жетілуі мен кісілік кемелденуі, сол арқылы мемлекет пен қоғамды қуатты, мықты, құтты ету. Кісілік кемелдену жолына түскен адам – өзінің қасиетіне, қалыбы мен негізіне мейлінше жақындаған асыл жан. Дастан оқырманына құт-берекемен, бақытқа өз адамгершілігін асыл етумен ғана жетуге болатынын ұқтырады. Ондағы «өзінді сақтау», «өзінді ұмытпау» қағидасы адамның адамшылығын танытар қасиеті — адамгершілік пен кісілікті жетілдіруге

бағытталған. Ақын өтпелі өмір мен өлім жайында терең толғанады. Оның ойынша, өкініштің ең ауыры өлшеулі өмірде дүние қызығы мен тән тілегі жетегінде кетіп, діл тазалығын сақтай алмаудан туады, сондықтан адам өзінің кісілік қасиетімен бірге өмірдің өткіншілігін де ұмытпауы қажет. Мұнан өзге Жүсіп Баласағұн шығармашылығына ізгілікке құштарлық пен іңкәрлік, сопылық танымдағы Алланы сүю, әлем мен адам сырына терең бойлауға ұмтылушылық белгілер тән.

«Құтты білік» дастаны 6520 бәйіттен (екі жолдық өлең) тұрады. Демек дастанда 13040 өлең жолы бар. Соның бәрі 85 тарауға бөлініп берілген. Дастанның кіріспесі қара сөзбен, ал негізгі бөлімдері аруз өлең өлшемінің ықшамдалған мутакариб деп аталатын түрімен жазылған. «Құтты білік» дастанының сюжеттік желісі негізінен шығарманың бас қаһармандарының өзара әңгімесінен, сұрақ-жауаптарынан, бір-біріне жазған хаттарынан тұрады. Төрт түрлі ізгі қасиеттің символдық көрінісі ретінде бейнеленген негізгі төрт қаһарман қоғамның көкейкесті мәселелері туралы әңгімелеседі. Мұндай сұхбатта олар ел басқарған әкімдер қандай болуы керектігін, оқу-білімнің қажеттігін, әдептілік пен тәлім-тәрбие мәселелерін дидактикалық-философиялық тұрғыдан сөз етеді. «Құтты білік» дастанының авторы метафора, аллегория, гипербола, меңзеу, астарлап сөйлеу сияқты көркемдік құралдарды аса білгірлікпен пайдаланады. Дастанның әдеби, тілдік, тарихи тұрғыдан ғылыми мәні ерекше. Бұл дастан бертін келе қазақ халқының этникалық құрамын қалыптастырған ру-тайпалардың орта ғасырлардағы тұрмыс-тіршілігін, наным-сенімін, әдет-ғұрпын, сөз өнерін, тілін, т. б. зерттеп білу үшін аса қажетті, құнды мұра болып табылады. Баласағұнның жақсылық пен жамандық жайында айтқан мына бір ойын келтіре кетпесімізге болмайды: «Егер ол мейірімділер күшті, ал қатыгездер әлсіз болса, біз ауыр ойлардан тұнжырамас едік. Егер әлемде әділдік заң болса, тағдырымыздың қатыгездігіне наразы болмас едік».

●Бір экспонат сыры

Келсап-келіге салынған түйіршік заттарды түю арқылы уататын құрал, келінің сабы. Келсапты арнайы көлеңкеде әбден кептірілген жуан, қатты ағаштан жасайды. Жуандығы мен ұзындығы әртүрлі болады. Келсаптың дән түйетін басы сабынан салмақты болып жасалып, қолға ұстайтын жерінен ағаш діңін ортасынан ойып шабу арқылы екі қолмен ұстайтын қос тұтқа шығарылды. Кейбір келсаптың екі басы да жұмыр, кейбір келсаптың дән түйетін басы жіңішкерек, әрі жұмыр, жоғарғы басы жалпақ, сопақша, шаршы пішінді болып келеді. Келсаптың күнге қаңсып жарылмауы үшін оны міндетті түрде келімен бірге көлеңкеге қойып сақтайды.

Келі-дәнді дақылдар мен науат, шақпақ қант тәрізді түйір-түйір заттарды түйгіштеп уататын, ұнтақтайтын, қатты ағаштан, тас, темір шойын сияқты материалдардан жасалған іші қуыс құрал, тұрмыстық бұйым. Бидай, тары, арпа т.б. дәнді дақылдарды түюге арналған ағаш. Келі қатты ағаштан жуан діңінен ортасын 30-35 см. тереңдікте ұңғуырмен ою, қашау арқылы жасалады. Келі жасайтын ағаш кесіндісінің биіктігі 50-60 см, кей жерлерде 70-80 см, ал диаметрі 30-35 см. болады.

Келі қазақ дастарханының шырайын келтіретін ақталған тары, қуырған бидай, түйілген жарма, құрт,

Қазақ халқының тұрмыстық заты «Келі-келсап» туралы мағлұмат



ірімшік, жент сияқты тағамдарды дайындауға қажетті басты тұрмыстық бұйым болған. Сондықтан шеберлер төзімді, сапалы келі жасау үшін жұмысты ағаш таңдаудан бастайды. Өйткені сазда, сортаң немесе сулы жерде өскен ағаштар келі жасауға лайықсыз: сазда өскен сары ағашты кептіру қиын, әрі ол кепкенде жарылып кетеді; сортаң жер ағашының сүрегі тығыз болғанымен, кепкенде қақ айырылады. Келі жасауға шығыс Қазақстанда — еменді, Оңтүстік Қазақстанда — тұт ағашын, Жетісуда-

қарағаш пен жидені, Қызылордада тораңғыны таңдап алған. Келі жасауға ағаш таңдайтын, таңдап алынған ағашты өңдеп, затты түйіп ұнтақтайтын құрал жасайтын шеберді халық келіші деп атаған. Келішілер жаз бен күз жаңбырсыз болған құрғақшылық жылдары келі жасайтын ағаш кеспегін мол етіп жинайды. Кеспектерді шөлді жерде өскен немесе сусыз қаңсып, жұмырланып өскен жерінен жинайды. Ондай ағашты қысқа қарай түбірімен қазып алады. Оның діңін екі жағынан аралап, болашақ келінің кеспегін дайындайды. Одан әрі кеспектерді кептіруге кіріседі. Ел арасында келі жасайтын кеспекті кептірудің әдіс-тәсілдері көп болған. Мәселен, Жетісу өлкесінде қабығы аршылмаған кеспектің арамен кесілген екі жағына сиырдың жапасын таптап, қара көлеңкеге қойып кептірген.

Шеберлер ұңғуыр, тышуыр, шаппашот, қашау сияқты құралдарды алма-кезек қолдана отырып, келі жасайтын кеспектің ішін ойып алып тастайды. Келі оюда әр өңірдің шеберлері қалыптастырған тәсілдері бар.

Келішілер келінің түбін екі түрлі тәсілмен ояды. Тары, бидай, жүгері тәрізді дәнді дақылдарды түюге, жармалауға қолданатын келінің түбін тегіс етіп ояды. Оны түбі тегіс келі деп атайды. Тары ақтауға қолданатын келінің түбін шұңғылдап ояды. Мұндай келіні түбі шұңғыл келі деп атайды.

Сарқан ауданының тарихы музейінің негізгі қор бөлімінде 1910 жж. қолданылған, 1539 нөмірімен ағаштан ойып жасаған, өлшемі келі-50 см келсап-1м.х12см. сақталған.

Келсап-келінің сабы. Келсап арнайы көлеңкеде әбден кептірілген жуан, қатты ағаштан жасалды. Келсаптың дән түйетін басы сабынан салмақты болып жасалып, қолға ұстайтын жерінен ағаш діңін ортасынан ойып шабу арқылы екі қолмен ұстайтын қос тұтқа шығарылды. Келсаптың екі басы да жұмыр, жоғарғы басы жалпақ, сопақша, шаршы пішінді болып келеді.

Келінің іші қуыс, түбін тегіс етіп ағаштан жасалған құрал, тұрмыстық бұйым. Бидай, тары, арпа т.б. дәнді дақылдарды түюге арналған ағаш. Келі қатты ағаштың жуан діңінен ортасын 30-35 см. тереңдікте ұңғуырмен ою, қашау арқылы жасалды.

М. ЕЛЕУСИЗОВ,
Сарқан ауданының тарихы музейінің ғылыми қызметкері.

•Спорт

Жетісу өңіріндегі Сарқан ауданы батырлар мен спортшыларға кенде емес. Мәселен, Ә. Айханов, А. Бұғыбаев, Ж. Көрпебаев, С. Майбасов, Е. Кенжебаев, С. Бейсебаев, Қ.Ахметовтер шет елдерде Қазақстанның көк туын желбіретіп, атын шығарған болатын. Солардың жолын жалғастырып келе жатқан жас қыран Әлихан Әскербай. Ол Сарқан ауданы Қарабөгет ауылында туып, өскен. Қазіргі уақытта ауыр атлетикада жасөспірімдер арасында алдына жан салмай келеді. Сол спорт түрі бойынша халықаралық дәрежедегі спорт шебері.

Әлихан жасөспірімдер арасында Қазақ елінің туын Азия чемпионатында қатарынан екі рет желбіретті. Жасы 17-де болса да 2 алтын медальді жеңіп алып, 6 әлемдік және 6 олимпиадалық рекордты жаңартты.

Өткен аптада Қарабөгет ауылының атқа мінген азаматтары Әлихан Әскербайды және оның жаттықтырушысы Нұрболат Жаманқызды ауылға шақырып, кездесу ұйымдастырды. Ә. Әскербай ауыр атлетикаға қалай келгенін, спорттағы өзге де жетістіктері және болашақтағы жоспары туралы айтты.

Ауыл азаматтары чемпионға сый-құрмет көрсетіп, өнерпаздар ән-күйден шашу шашты. Жиында ақсақалдар мен ел ағалары

ҚАРАБӨГЕТ ҚЫРАНЫ



Әлиханға ақ жол тіледі. Кездесу соңында чемпионға және оның жаттықтырушысына ат мінгізіп, иықтарына жібек шапан жапты.

Айтпақшы, жақын арада Әлихан Әскербайға І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті ректорының гранты берілді.

Жасөспірімдер арасында ауыр атлетикадан Азия чемпионатының екі дүркін чемпионы, Бахрейн елінде болған жарыста әлемдік үш рекордты жаңартқан Әлиханға осы өлеңім арналады.

Әлиханның күшін, рухын биік етем, Зілтемірге келгенде күйі бөтен. Азияның төрінде ойқақтады, Оның күші бәрінен биік екен.

Жас қыран ешкімнен жасқанбапты, Тәртіпке үйренген бастан қатты. Бұлан күш қанында қайнап жатып Зілтемірді аспанда аспандатты.

Достық, бірлік, болсын басты ұраның, Боласың сол кезеңде бас қыраным. Ауыл түгіл, бар қазақ қуанды ғой Ауылдан түлеп ұшқан жас қыраным.

Жастық шақта Лепсідей ағын тұрды, Қарабөгет ауылда бағың тұрды. Азияда Әлиханым атой салып Зілтемірде мықтыларды бағындырды.

Күш атасын танымас – бағаң келді. Бақта, күште ретімен саған келді. Өз атаңның батасы қабыл болып Қуаныштан жылады Аманкелді.

Таң қалдырсаң күшіңмен бөтен елді. Борышың ел алдында өтеледі, Әлемді тағы бір мойындатсаң Елің сені аспанға көтереді.

Бір өзіңе барлығын табындыршы, Батыр деп өзінді сағындыршы. Айналайын Әлихан қыран түлек Әлемді, Олимпті бағындыршы!!!

Асқар ҚҰМАРБАЙ.
Астана қаласы.

2025 жылдың 17 қараша күні Сарқан аудандық филиалдың ұйымдастыруымен пробация есебінде тұрған азаматтар арасында бір тасын көтеру және қол күрес жарысы өтті. Шараның негізгі мақсаты – салауатты өмір салтын насихаттау және азаматтарды қоғамға бейімдеу.



Спорттың адам өміріндегі маңызы ерекше

Іс-шарада Сарқан ауданы пробация қызметі бөлімінің аға инспекторы, әділет лейтенанты Алмас Төлегенов және Сарқан ауданының прокуратурасының прокуроры 3 сынып заңгері Назым Тайхар қатысушыларға ізгі тілектерін білдіріп, спорттың адам өміріндегі маңызы туралы атап өтті. Олар жарысқа қатысушыларды белсенділік танытқаны үшін алғыс айтып, алдағы уақытта да осындай игі шаралардың жалғасын табатынына сенім білдірді.

Жарыс соңында жеңімпаздар мен белсенді қатысушылар алғыс хат және медальмен марапатталды.

А.ДОСАНАМАНОВ,
Сарқан аудандық филиалының дене шынықтыру және спорт нұсқаушысы.

Әр адамның өмірінде ұмытылмас сәттер болады. Солардың бірі — жас маман ретінде алғашқы еңбек жолын бастаудағы, жас талапкер, жас буын қатарынан өтіп «Жас маман» статусын алған алғашқы жылым. Бұл — толқу мен қуаныш, сенім мен жауапкершілік қатар жүретін ерекше кезең.

Мен үшін де бұл ұстаздық жолы үлкен өмірдің жаңа беті іспетті болды. Студенттік шақтың тәтті естеліктері артта қалып, алдымда белгісіз әлем — еңбек жолы тұрды. Алғаш жұмыс орным М.Мәметова атындағы орта мектебінің ұстаздары мені жылы шыраймен қарсы алып еңбек жолымның басталуына бағыт-бағдар берді. Жаңа ұжым, жаңа орта, жаңа міндет — бәрі мені сынақ пен өсуге жетелейтіндей сезілді.

«Қолымнан келе ме?», «Сенімге лайық бола аламын ба?» деген сұрақтар жиі мазалады. Бірақ уақыт өте келе алдыға қойған мақсатым бойыма сенім ұялатты. Әр тапсырма мені шыңдап, әр жетістік алға жетеледі. Алғашқы айлардан бастап талапты, талантты бірнеше дарынды оқушыларды іріктеп алдым. Әр баланың бойында жарық шашар ерекше қабілет бар. Сол қабілетті байқап, дұрыс бағыт беру — ұстаздың ең басты міндеті. Мақсатым мен арманым тоғысып алдыға жетелеп, шәкірттерімді шыңдап, түрлі байқауларға қатыса бастадым. Сол байқаулар арасынан көзіме ерекше түсіп, қызығушылық ерекше танытқан байқау Астана қаласында өтетін «Дарынды 1000 бала» атты байқауы.

Мен оқушыларды «Дарынды 1000 бала» Республикалық байқауына қатыстырғанда, тек жарысқа емес, олардың өз-өзіне сенуіне жол ашқым келді.

Бұл байқау балалар үшін үлкен сынақ қана емес, үлкен мүмкіндік болды. Олар өз ойларын еркін бөлісіп, жаңа ортада өзін өзі ұстау, арманға ұмтылудың қуанышын сезінді. Әрбір баланың жүзінен мақтаныш пен шабытты көрген сәт — мен үшін ең үлкен жетістік еді.

Мен бұл байқауға қатыстыру арқылы



Ұстаздық әлемге ашылған алғашқы есігім

оларға тек білім емес, сенім мен жігердің қаншалық маңызды екенін жеткізгім келді. Өйткені нағыз дарын — өз күшіне сенген, еңбектен қорықпайтын бала.

Дарынды 1000 бала — еліміздің ертеңгі ғалымы, өнерпазы, көшбасшысы. Сол себепті мен олардың әрқайсысын үміттің, талпыныстың және биік мақсаттың бейнесі деп білемін. Бұл — менің ұстаздық жолымдағы ең үлкен жетістігім.

Жас маман мәртебесін алғаннан кейінгі алғашқы сапар мені еңбекқорлыққа, табандылыққа жетектеп, өмірдің шынайы мектебінен өтудің маңызын ұқтырды. Ең бастысы — жолымдағы алғашқы қадамымның сәтті басталып, әрқайсысы болашақ биіктерге апарар баспалдақ екенін түсіндім.

Астананың аялы алақаны, жүрегімнің қақ ортасы екендігін сезіндірген. Қайта оралу, арман мақсатқа жетелеу, сенімділік тудырған жанымға жақын бір сәт болды.

Астана қаласына сапар барысында студенттік естелікті еске алып, қайта оралуға мүмкіндігі бар шектеусіз мекен екендігіне көзім жетті.

Құшағын ашып қарсы алған Саялы мекен сай мекен, Ауа райы салқын болса(да)

Маңдайыма жылы екен.

Сәттілік пен еркіндікті сезіндірген, Өзіммен қатар алып келген, көздері мөлдіреген, жүректері елжіреген жас буынның қатарын жарып шыққан дарынды оқушыларымның көзінен көрген қуаныш мені ерекше сезімге бөледі. Жауапкершілікпен қатар оқушылардың көңілін аулап, қала көрінісін көрсеткенде өзіндік бір саты жоғары ой толғаныстары бар оқушылар көз қуанышыма айналды. Сол сәтте жүрегімдегі үміт оты жанып, маған белгі бергендей, көзіме отты жағып, жаным жалау беріп, бір сөз өмірлік мағына ашқандай болды.

Жас маман — тек мамандық иесі атану емес, елге, қоғамға пайда тигізетін азамат болудың бастауы. Сол себепті мен бұл сапарды өмірімнің ең маңызды және ең жауапты кезеңі деп білемін. Астана қаласына қайта оралатыныма сенімділік ұялады.

Нуршат ТОЛЕУБЕК,
М.Мәметова атындағы орта мектебі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНЫҢ МҮШЕСІ, АҚЫН, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «АЛАШ» ӘДЕБИ СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЛАУРЕАТЫ ЖОМАРТ ИГІМАН ОҚУЛАРЫ

Мектеп оқушылары арасындағы «Таңдайына сәруар сөз ұялаған» атты көркемсөз оқу шеберлерінің, жас ақындардың байқауы Тәуелсіздік күніне арналады.

Байқаудың мақсаты:

Жомарт Игіман шығармашылығын жастар арасында насихаттап, ақынның туындылары арқылы жас ұрпақты адамгершілікке, ұлттық рухқа, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Байқаудың ережесі:

Байқау 2025 жылғы желтоқсанның 8-інде Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепте өтеді. Байқауға қатысушылар ақынның бір туындысын және өзінің шығармашылығынан бір өлеңді жатқа оқып, өлең-өнер жайындағы алдын ала жазған эссесін ұсынады.

Қазылар алқасы қала мектептерінің 1-11 сыныптарынан, колледждерден іріктеуден өткен көркемсөз оқушылардың шеберлігін сарапқа салып, жүлделі үш орынның және ынталандыру сыйлықтарының жеңімпаздарын айқындайды.

Талапкерлердің мәтінді таңдау талғамына, оқу шеберлігіне, дауыс мәнері мен тіл тазалығына, сахнада өзін ұстауына баса мән беріледі.

Мектеп әкімшіліктері байқауға қатысушылар туралы мәліметті (аты-жөні, мектебі, сыныбы, өлең тақырыбы) желтоқсанның 1-іне дейін аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөліміне тапсыру керек.

Анықтама үшін 2-18-82.



Сен туған күн, мерекеніңен!

Қарауылтөбе орта мектебінің қызметкері Түндебаев Мереке Мұқан-ұлын қараша айындағы 50 жас мерей тойымен құттықтаймыз! Сізге осы қуанышты сәтте өмірде бақытты, ұжымда беделді, дос-жолдастарыңызға қадірлі де сыйлы болуды тілейміз! Денсаулығыңыз қуатты, алдағы күндеріңіздің шуақты болуына ақ тілегімізді қосамыз. Шаңырағыңызға шаттық ұялап, босағаңыздан қызық-қуаныш арылмасын!

50 жасыңыз құтты болсын,
Ердің жасы 50-ге келіп тұрсыз,
Шынардың шың басына шығып тұрсыз.
Кернеген бойындағы күш-қуатты,
Егемен еліңізге беріп тұрсыз,
Жасыңыз 100-ге дейін жете берсін.
Денсаулығыңыз жақсы болып әрқашанда,
Жүрегіңіз жақсылықты сарқа берсін,
Күш-қуат әлі дағы арта берсін.

Ізгі тілекпен: Қарауылтөбе орта мектебінің ұжымы.



Хабарландыру

•Тулькибаев Марат Оралбековичтің атына тіркелген Hundai Sonata маркалы 389 АІС 03 мемлекеттік нөмірлі көліктің №2199680426 нөмірлі техникалық куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

БАСПАСӨЗ - 2026

Құрметті оқырмандар!
Ауданның тыныс-тіршілігі мен әлеуметтің әлеуетінен хабардар болғыңыз келсе, сансаланы қамтыған мемлекеттік бағдарламалар жайлы білгіңіз келсе, осы өңірдің өткені, бүгіні және келешегі жайындағы

тарихи, танымдық және сараптамалық мақалалармен апта сайын жүздескіңіз келсе



газетіне жазылыңыз!
Газетке жазылу ҚАЗПОШТА аудандық бөлімшесінде және аудандық газет редакциясында жүргізіледі.

Зейнеткерлер үшін
индексі 35202,
жылдық бағасы - 5172 теңге.

Жеке жазылушылар үшін
индексі 65202, жылдық бағасы - 6172 теңге.

Мекеме-ұйымдар үшін индексі
15202, жылдық бағасы - 7172 теңге.

Алғыс айтамыз!

Адам өмірінің арашасы, ақ халатты абзал жандар - дәрігерлер қауымының жасап отырған еңбегіне айтар сөзіміз бар.

“Кімде-кім басқалардың бақытын ойлап өз ғұмырын сарп етсе, оның жаны сұлулана түсіп, жұлдызы жанады” деген В. А. Сухомлинский. Біз тілге тиек етіп отырған дәрігерлер қауымы жаны таза, өз еңбегінде жұлдызы жанған тұлғалар деп есептейміз. Дәлірек айтсақ: Бақалы ауылдық емханасының бас дәрігері Садвакасова Гүлнар Айкеновна, медбикелер Анар Болатовна Есенбаева, Нұргүл Байгулжановна Туралыковаға айтар алғысымыз шексіз.

Жуырда қатты науқастанып, осы аталған емханаға түстім. Жағдайым өте ауыр болды. Үміттен гөрі күдік басым болып, қатты уайымға баттым. Алайда, дәрігерлердің табанды еңбегінің арқасында, қабілеттілік пен біліктіліктерінің нәтижесінде сауығып өз отбасыма оралдым. Қуанышымда шек болмады. Осы қуанышты сыйлаған, күн-түн демей қажырлы еңбек еткен, ақ жүрек, адал жанды дәрігерлер қауымы еді. “Елге сіңірген еңбек жақсы, еңбекті елеген ел жақсы” демекші, өз ісінің адал қызметкерлеріне алғыс айтуды жөн деп шештім. Адам игілігі үшін жасап жатқан істеріңіз жандана берсін. Отбастарыңызға амандық, дендеріңізге саулық, ұзақ ғұмыр тілейміз.

Ізгі тілекпен: Жексенбай ӨМІРБЕКОВ,
Бақалы ауылының тұрғыны.

Шәкірттеріне мейірім шуағын төккен

Шәкірттеріне мейірім шуағын төгіп, шыншылдығымен өнеге бере білген жаны жомарт, пейілі дархан ұстаздарымыз барлық құрметке лайық! Ғажайып дүниенің сырын ұқтырып, үлкен өмірге ақ жол тілеп аттандыратын ұстаздарымызға мәңгі тағзым етеміз!

Атап өтетін болсақ Н.Островский мектеп-лицейінің 10 Ә сынып жетекшісі **Келгенбаева Ардақ Мұратқызына** алғысымыз шексіз. Балаларға тәлім-тәрбие беріп демалыстарын тиімді пайдалану үшін аянбай өз үлесін қосуда.

Ізгі тілекпен 10 Ә сынып ата-аналары.



•Пікір

Ауыл келешегі жастарда

Біз, жасы үлкендер, ауылымыздың тыныс-тіршілігіне араласып, көңіл бөліп отырамыз. Ауылымызда мал шаруашылығы, егін шаруашылығы да жақсы дамыған. Жолдар жасалып жатыр. Керемет мәдениет үйіміз бар. Ауылға кіре берістегі арканың өзі 1988 жылғы түлектеріміздің тартуы – біз үшін үлкен қуаныш, мақтаныш. Осы мәдениет үйінде оқушылар, жастар үшін неше түрлі үйірмелер ұйымдастырылып өткізілсе, нұр үстіне нұр болар еді.

Ауылымызға жас, жоғары білімді дәрігер келді. Соған ауыл адамдары өте қатты қуанды. Адам ісімен көзге көрінеді ғой. Бұл азамат - Дүйсенбеков Бек Саябекұлы ауылға келгеннен бірден іске кірісіп, науқас адамдардың үйін аралап, қолынан келген көмегін аямай көңілімізді көтеріп кетеді. Шіркін, енді ауылымызда амбулатория салынса тіпті бақытты болар едік.

Осы ауылымызға келген азаматты аяғынан шалмай (ауылда ондай адамдар бар) демеу көрсетіп, еңбегін оң бағаласақ - біздің адамгершілік танытқанымыз болар еді.

Біз, ауыл үлкендері, кезінде аянбай еңбек еттік. Енді келешек - жастардың қолында, солардан зор үміт күтеміз!

Ф.ЧЕРНИЯЗОВА,
зейнеткер ұстаз, еңбек ардагері, Қарабөгет ауылы.



Құрылтайшысы:
"Сарқан газеті" ЖШС директоры
ИГІМАН Жомарт Мақатұлы
Бас редактор:
ЖЕҢІСХАН Партия

Меншік иесі: "Сарқан газеті" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Газет Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2019 жылғы 30 қазанда тіркеліп, №KZ46VPY00016564 куәлігі берілген.

Редакцияның мекен-жайы:
041500 Сарқан қаласы Тәуелсіздік көшесі, 117
Телефон: 2-20-47, 2-23-53
e-mail:
lgiman01@mail.ru

Таралымы: 3017
Осы шығарылымның таралымы: 3017
Газет индексі: 35202, 15202
Оффсеттік басылым 1 баспа табақ
Газет аптасына бір рет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мәтініне жарнама беруші жауапты.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет «Ербол - Али» ЖШС баспаханасында (Тәуелсіздік, 108) басылады.